



Яхия АСАТОВ

ДАРИҒА-ДӘУРЕН

Жыр жинағы

Алматы, 2024
«Принт плюс» баспасы

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Каз.)
А87

***«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің тапсырысы.
Қаржылай қолдаушы Сәтбаев қаласының әкімдігі.***

*Жинақты құрастырған:
Мұса ТІЛЕУОВ, ақын,
Қазақстан жазушылар одағының мүшесі*

А87 **Яхия Асатов.**
ДАРИҒА-ДӘУРЕН. Жыр жинағы.
– Алматы, «Принт плюс» баспасы, 2024 ж. – 184 б.
ISBN 978-601-7575-17-5

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Каз.)

ISBN 978-601-7575-17-5

© Яхия Асатов, 2024
© «Принт плюс», 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Еңбегімен еленіп елдің алды болған, ақсақалдықтан абыздыққа аяқ басқан аймағымыздың аяулысы, талайға тұтқа болған, Сәтбаев қаласының құрметті азаматы, ҚР еңбек сіңірген энергетигі, ғұмырында «адал еңбек пен асыл ой» адамның ең асыл қасиеті деп өткен Яхия Қасымұлы Асатов өмірден жанған жұлдыздай жарқырап өтті. Ағаның бүкіл болмысын Шынболат Ділдебаев «Қарасаң көз тояды тұлғасына...» – деп өлең жолымен өрнектеді. Жанында жүрген әр жанға өлең жолдарын қалдырып кеткен Яхия ағамыздың кеудесі сыр сандықтай еді. Қанша ақтарсаң қазынасы таусылмай ақтарыла беретін. Дария кеуде дархан жүрегі тоқтағанша елдік пен ерлікті, бірлік пен берекені, еңбек пен елжандылықты айтып кетті.

1939 жылы Ұлытау ауданы Кішітау баурайындағы Сәдір ата елді мекенінде дүниеге келген арда азамат Алматы политехникалық институтын бітірген. Білімді жастар болашағын үлкен қалалармен байланыстырып жатса, Яхия Асатов сол жалынды шағының өзін де туған жерге барып туын тігуді, өз өлкесіне қызмет етуді арман етті. Сол арманның жетегімен қызметте сатылай өскен ағамыз 1966-1985 жылдары Оңтүстік кенішінде учаске бастығы, бас энергетик, кәсіподақ ұйымының төрағасы, 1985-1991 жылдары Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты бас энергетигінің орынбасары, «Казэнергоцветмет» басқармасында басқарушы, «Никольстройтрест» басқарушысы қызметтерін мінсіз атқарды. Еңбек демалысына шыққанға шейін «Электр жабдықтарына сервистік қызмет көрсету» басқармасында еңбек етті.

Кісілігі емес, қашанда кішілігі көрініп тұратын тұлғамыз Яхия Қасымұлы, қасына келгенге «айналайын»

– деп ақ батасын беріп, ақыл сұрай келген жанға ойын айтып, білгенін ортаға салып, саналы ғұмырының соңғы сағаттары соққанша көрегендігі мен кемеңгерлігін көрсетіп кетті. Өзі сүйген, өзін сүйген қымбаттыларына, қалың оқырман қауымға ағаның қалам тербеп, қағаз бетіне қалдырған «Дарияға дәурені» жол тартты. Сөреміз тағы бір құнды кітаппен толығатын болады. Аты да хаты өлмеген Яхия Қасымұлының жарқын бет-бейнесі мәңгі жүрегімізде.

***Мұрат Бөрібаев,**
Сәтбаев қаласының әкімі*

ЯХИЯ ДОСЫМ

Аққұба, жайдары жүз өжет мінез,
Мұндай жігіт тым сирек ұшырар кез.
Түсі бардан түңілме деген рас,
Мейлінше өте орынды айтылған сөз.

Қарасаң көз тойғызар тұлғасына,
Өнерден де бұл жігіт құр қалсын ба.
Суретші, артист, боксер, шахматист,
Мұнша өнер қалай сыйған бір басына!

* * *

Ойласам қазір ол күнге жетер баға жоқ,
Жүректі кернеп көкірегімен жағады от.
«Оңтүстігінде»* қыздырып еңбек майданын,
Сол жігіт қазір қалыпты көпке аға боп.

Сол жігіт қазір азамат болды ардақты,
Сезімі де зор қызметі де салмақты.
Бойдағы жігер, білім мен қуат жалынын,
Қадірлі халқы, еліне туған арнапты.

Жиында оған қалмайды қазір сөз бермей,
Сену де қиын қолменен ұстап көз көрмей.
Бетіне әжім, самайды қырау шалғанмен,
Ақжарқын мінез қалыпты мүлде өзгермей.

Ақжарқын мінез өзгермей мүлде қалыпты,
Отырар кейде еске алып өткен тарихты.
Бұл тарих, достым, оңайға бізге соққан жоқ,
Ал, өмір бізді мықтап-ақ қолға алыпты.

* Оңтүстік Жезқазған келіші

Өткізіп жүрмін өзіңмен өмір көктемін,
Өзіңмен толып, өзіңмен бірге көктедім.
Сен туған күнмен жаңа жыл бірге келгенде,
Жырым мен сырым айтатын саған көп менің.

Біреуге аға, біреуге тіпті пілдейсің,
Кездесе қалсақ әзілсіз және жүрмейсің.
Алыса қалсаң мықтылармен алысып,
Әлсізді досым әрқашан сүйеп жүргейсің!

*Шынболат Ділдебаев,
ақын, термеші, жырау.
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері*

БІРІНШІ БӨЛІМ

ШУАҚТЫ ЖЫЛДАР

АТАМЕКЕН

Жиналған туысқандар шартараптан,
Туған жер – алдарында мынау жатқан.
Кішітау қойнауында отырсыздар,
Төсінен «Жалтыр» бұлақ ағып жатқан.

Ел едік Кішітауды мекендеген,
Қиырдан көп қуаныш жетелеген.
Тоқтамыс, Кенесары заманында,
Армандап осы жерге жетем деген!

Сол жақта Керегетас сілемдері,
Кенге бай, темір шыққан күрең бөлі.
Бабалар болса тастап кетпес еді,
Бір жағы Кішітаумен беттес еді.
Қалмақтың қанын судай сарқыратқан,
Бір жағы Қантөбемен шектеседі.

Таулардан мөлдір бұлақ жосылады,
Бәрі кеп «Шығырлыға» қосылады.
Дегендей «Көп түкірсе көл болады»,
Өзені Жыланшықтың осы бәрі.

Айбас би, Жомарт, Шәлтік тұрақтары,
Сәдір мен Асат, Масат тұр аттары.
Қырық құдық, Тасбұлақ пен Қарасақал,
Нәр берген бұл өмірдің бұлақтары.

Бәйгеде тілек артар атқа сынды,
Мақтамай кете алмаймын Ақтасымды.
Кені бар бүкіл әлем таңқалатын,
Мұндай жоқ жер жүзінде, басқасында.

Қара жол Атбасардың мынау жатқан,
Кезінде бабаларым кіре тартқан.
Қойнауын Кішітаудың мекен етіп,
Сан жетпес мыңғырлатып малын баққан.

Бабалар сан жауына төтеп берген,
Намысын ел алдында өтеп келген.
Ұрпағы ұлы баба армысыздар?
Еске алып атажұртқа көшіп келген!

Аманат бабалардан баласына,
Ұрпағы мақтанады даласына.
Басына Күйкентайдың бақыт қонса,
Самұрық қызмет қылар панасында.
Атыңнан айналайын, Кішітауым,
Киелі мекен болған сан асылға!

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Темір құрсау қоршаған заманында,
Болдық қой бодандықтың амалында.
Өмір сүрді осылай қайран халқым,
Өз тілінен айырылған қазағым да.

Орысшалап сөйлестік бірге отырып,
Өмір кештік осылай сүйретіліп.
Діннен бездік, ділден де бір-ақ сәтте,
Солай болды саясат – үстемділік.

Тартып алды малды да, жерімді де,
Түк қалдырмай ұрпаққа, кейінгіге.
Аштық орнап кең байтақ даламызда,
Жоқ боп кетті туғандар арамызда.

Зиялылар ұсталды, атылды да,
Аямады туысты, жақынды да.
Үштік жазған заманда солай болды,
Талай боздақ жер құшты ақырында.

Кей арсыздар «ерледі» арыз айтып,
Оралмады кеткендер енді қайтып.
Итжеккенге апарды біз көрмеген,
Бастан атып тастады бақырайтып.

Соның бәрі жадында, ел есінде,
Оралайық бүгінгі күнімізге.
Тәуелсіздік тимеді оңайлықпен,
Заман туды кірмеген түсімізге.

Жастарымның от ойнап жүрегінде,
Атой салды Желтоқсан күндерінде.
Қарсы тұрды билікке кеудесімен,
Төтеп берді оққа да, қыл темірге.

Жалын құшып боздақтар болды құрбан,
Наразы боп билікке қарсы тұрған.
Ұрды, соқты, қинады тас еденде,
Аш, жалаңаш жандарды қансыраған.

Берілмеді тектілер, ұл-қызымыз,
Шыға келді жарқырап жұлдызымыз.
Көк байрағым желбіреп төбемізде,
Егеменді Ел болдық, кең іргеміз.

Тәуелсіздік орнады елімізге,
Көп қуаныш әкелді жерімізге.
Танып бітті жасампаз Қазақстан,
Мәңгілік Ел атанды Жер жүзіне!

Кен қопарған шахтада кеншілерім,
Аман болсын тәуелсіз елім менің.
Қазақстан алға тарт, тек қана алға,
Жайнай берсін Отаным, туған жерім!

ҚЫЗҒАЛДАҚТАР

Қыр бойының қызғалдағын сағынам,
Дүбір шықса көктем деген әмірден.
Қыз бойының қылықтарын сағынам,
Маған берген бір мінезі тәңірдің.

Желек жайса қызғалдағы даланың,
Ұмытамын айқай-шуын қаланың.
Көкке шығып көктем лебін жұтамын,
Жұпарындай жаңа туған баланың.

Қыр бойында тұрам заңғар биікте,
Гүл-жазира жайнап кетті жиекте.
Сылаң қағып қызғалдақтар керілген,
Тұлғасындай ғашық жанның сүйікті.

Қалай шыққан қия тасты қақ жарып?
Құлпырып тұр күн шуаққа шаттанып!
Менің асыл махаббатым сияқты,
Пешенеме қонған нұрдай, бақ дарып.

Құштар қылып, көңіл қошын билеген,
Сезім сырын сұлулықтан үйренем.
Жайнай берші, қазағымның даласы,
Көмкеріліп қызыл-жасыл гүлдермен!

КІШТАУҒА

Тұяғына тұлпардың тигізбеген,
Шилеріне иттерін сигізбеген.
Жол-жөнекей нәресте туа қалса,
Жас сәбиді ораған кигізбенен.

Жол таңдаған жүруге тақыр жерден,
Өрт салдырмай қорғаған көшкен елден.
Жерді аяп арбаның табанынан,
Шабындықта мәшине жүргізбеген.

Сауық құрып саянда сайран еткен,
Баба қоныс, ата жұрт, қайран мекен.
Кішітауым – тал бесік, туған жерім,
Табиғатың шіркін-ай қандай көркем !

* * *

Сағынып ем жұтуға тау самалын,
Сол еді ғой қыс бойы аңсағаным.
Ет жүрегім елжіреп елге келіп,
Өткен күнді еске алып тамсанамын...

Жаңбыр қайда құятын нөсерлетіп,
Найзағаймен тілгілеп келер жетіп.
Жусаны мен жұтсам деп жалбыз иісін,
Көк шалғынға қараймын елең етіп.

Өзенінде аққу-қаз қиқулайтын,
Қайда қалды ақ қайың, қызыл қайың?
Жұпар иісі аңқыған қайран далам,
Тамашалар қайда екен көз қимайтын?

Өртеніпті ну тоғай, ормандарың,
Шаң басыпты қия-тас қорғандарың.
Тау жуасы тас болып мелшиіп тұр,
Ылғал жетпей сорлаған тамырларын.

Атқылайтын Тасбұлақ қысы-жазы,
Тамшылайды сәл ғана шығар жаны.
Қаптап кеткен даланы тікен біткен,
Сарғайыпты көк майса, шалғындары.

Қадалады шаншудай жүрегіме,
Кең даладан таппадым керегімді.
Мақтануға апарған немерелер,
Су таппады толтырар шелегіне.

Жолжелкендер шалғында өрнектелген,
Шаң шығады аспанға өкпек желден.
Тыныс алар саф ауа, самалы жоқ,
Қайда кеткен табиғат көзбен көрген?

Зымырандар заулайды төбемізден,
Қой, қайтайық қалаға келген ізбен.
Біреді ғасыр өткенде не болады?
Тылсым дүние көрінер тек музейден.

Жаратқаным, түсінші жан сырымды,
Тебірене сұраймын жаңбырыңды.
Келешекті ойласақ осы күннен,
Тоқтатпаса бола ма зымыранды?!

ҚАРСАҚПАЙ

Жауларға атқан он оқтың,
Тоғызын берген – Қарсақпай.
Ашаршылық жылдардың,
Азабын көрген – Қарсақпай!
Сапырып құйып қалыпқа,
Сары мыс берген – Қарсақпай!
Босқын болған халыққа,
Нан үзіп берген – Қарсақпай!

Түтіні көкке өрлеген,
Мыс бұлағы кернеген.
Киенмен сенің қашан да,
Санасты дәуір – Қарсақпай!
Өндірістің заңғары,
Ерліктің жыры-таңдары,
Жасай бер мәңгі, жасай бер,
Қарашаңырақ Қарсақпай!

ҰЛЫТАУ

Ұлт ұясы Ұлытау – бар мақтаным,
Әр тасыңды жауһардай ардақтадым.
Кешегі өткен бабалар заманында,
Ақтарсаңдар тарих парақтарын.

Елді, жерді бермеген дұшпандарға,
Ерлік, бірлік қазақы ұстамдарда.
Бабаларым ойлаған елдің қамын,
Көз жүгіртіп қырандай жан-жақтарға.

Ертағы мен Кертағы арманым-ай,
Бүкіл Түркі Астана салғанындай.
Бас қосуын өткізген Ұлытауда,
Әр шешімі өмірдің салмағындай.

Осы жерде Жошы, Алаш дамылдаған,
Асан қайғы, Едіге, Тоқтамыс хан.
Өтеп, Төлек ұрпағы Сандыбайдан,
Дүзен, Ерден сияқты батыр бабам.

Ұлытау – ұлт ұясы мынау жатқан,
Жалпақ ел Ер Төлекке сенім артқан.
Сұлудың қос-қос болған бұрымындай,
Қос Кеңгір Сарыарқада ағып жатқан.

Кейінгі үлгі болсын жастарыма,
Зор бақыт мен тілеймін бастарына.
Аруағы қолдап жүрсін бабалардың,
Бақ пенен Қыдыр келіп қастарыңа.

ЕРДЕН БАТЫР

Ер бабам елді, жерді қорғай білген,
Халқының болашағын болжай білген.
Жауларды Ұлытауға жолатпаған,
Баласы Сандыбайдың – батыр Ерден!

Дау болса, Төрт босаға шешіп берген,
Айырып ақ, қарасын соңына ерген.
Төрт биі Ұлытаудың сөзбен жеңсе,
Дұшпанның Ерден батыр бәрін жеңген.

Түсініп патша ағзамның саясатын,
Танытып, мойындатқан Ерден атын.
Дүзендей ағасының арқасында,
Көрсеткен көшпенділер парасатын.

Орысқа орысшалап жауап берген,
Халқының мүдделерін сақтай білген.
Хорунжий, Дуанбасы, Аға сұлтан,
Атанған бар әлемге батыр Ерден!

Қуаныш бойды кернеп шаттанамын,
Таңына тәуелсіздік аттанамын.
Қасқайған Ұлытауда ескерткіші,
Бабаммен Ерден батыр мақтанамын.

Жарандар, құтты болсын мерекеміз,
Тәуелсіз, мәңгі қазақ ел екенбіз.
Ежелгі астанасы Көк бөрінің,
Таусылмай, арта берсін берекеміз!

БАТЫРЛАР ӘУЛЕТІ

(Төлек батыр ескерткіші ашылғанда)

Елдескенмен елдескен,
Белдескенмен белдескен.
Төлек батыр кім десең,
Өтеп батыр баласы,
Батырлардың бабасы,
Сандыбайдаң әкесі,
Сары Ерденнің атасы.
Бәрі батыр бұл әулет,
Әке, ата-бабасы.

Айбындап ұран тастаған,
Алаштың қолын бастаған,
Төлек батыр тұсында,
Қалмады жау қашпаған.
Ойраттарды опырып.
Жоңғарларды жапырып,
Қалмақты қырған аяусыз,
Бес қаруын асынып!

Жебесі жауды сұлатты,
Найзасы түйреп құлатты.
Қылышпен турап кәпірді,
Жанына жәрдем сұратты.
Қонтайшысын кісендеп,
Зар илетіп жылатты.
Қалмақтың қуып соңынан,
Ту ұстап, тұлпар тулатты.

Сұрапыл соғыс кезінде,
Зеңбірек деген болмаған.
Сүйем жер үшін жан кешіп,
Болашағы үшін елімнің.
Кең байтақ мына жерімнің,
Ерлік пен бірлік ұранын,
Аруақ пен Құдай қолдаған,
Жоңғардың құртып түбірін
Жеңістің тойын тойлаған!

* * *

Құтты болсын жас қалам,
Төріңде – батыр, хас бабам,
Ел бірлігін сақтайық,
Төлек батыр бастаған!

ШЕГІР БИ ҰРПАҚТАРЫ

Төрт босаға бас қосып,
Билікті берді Шегірге.
Батыры елдің – Сандыбай,
Мырзасы болды – Бабыры,
Пірі болды – Қадірі.

Әділ билік бар кезде,
Өтпеді жаудың найзасы.
Ол кезде сөзге тоқтаған,
Таусылып жаудың айласы.

Темірбекұлы Сейтжанның,
Пайдасы тиіп халыққа.
Тар заманда тарыққан,
Төтеп берді нарыққа.

Ата қоныс – Обалы,
Қойнауы малға толады.
Үзілмеді күні-түн,
Келім-кетім қонағы!

Жалғастырып келеді,
Ата жолын Шәкіржан.
Шаңыраққа ие боп,
Аруақ дарып, бақ қонған!

ТЕМІРБЕК

Көргенім – Шегір бидің Темірбегі,
Шығырды қолдан жасап, елге берді.
Тұңғиық төмендегі Қарасудан,
Бидай мен егінжайға суын берді.

Шөлмектер шығырменен айналдырған,
Су жетті егінжайға ойдан-қырдан.
Дақылдар бой көтеріп кең далада,
Күзінде дәнге толды қойма-қырман!

Игерді тың жерлерді асқар белді,
Еліме таусылмастай ырыс келді.
Жұмылған тіршіліктің арқасында,
Бидаймен асыраған бұл өңірді.

Темірді бұл атаңыз нанша илеген,
Іскерлік дарыған ғой Шегір биден.
Қолымен өзі соққан қылыш-балта,
Ертеде кездесуші еді кейбір үйден!

Шегір би кісіні еш сөкпе деген,
Өсек пен өтірікке өкпелеген.
Шәй қасықпен жинаған абыройды,
Шөміштеп құр бекерге төкпе деген!

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫНА

Жер қойнауын дұрыстап,
Зерттегенде саспадың.
Мәскеуден алып рұқсат,
Жезқазғанды бастадың.

Жезқазған мен Қарсақпай,
Байқоңыр, Ақтас зерттедің.
Барлық жерден кен тауып,
Ұлытауға беттедің.

Чиатура, Никополь,
Жау қолында қалғанда.
Жездіден алып марганец,
Елімді жаудан қорғадың.

Еңбегіңіз еш болмай,
Академия басқардың.
Ғаламшардан бір жұлдыз,
Әлемнің жүзді аспанын!

Менделеев кестесін,
«Сатпаевит» табамын.
Кеншілердің есінде,
Үйретіп кеткен сабағың.

Бүгінде барлау жұмысы,
Жүріп жатыр үздіксіз.
Түзелсін елдің тұрмысы,
Қалмасын адам білімсіз!

Жақсылық болсын көргені,
Құсайынов, Кентаев.
Демберген, Ғазиз сияқты,
Еңбектің болсын ерлері!

Компания «Қазақмыс»,
Әкеле берсін мол табыс.
Еңбекші біткен аман боп,
Көркейе берсін қаламыз!

МАҚТАНЫШЫМ, АРЫСЫМ

(Қаныш ағамыздың 115 жылдығына)

Жезқазғанның жерінде,
Толып жатқан мұльда¹ бар.
Білмегендер осыны,
Бұл өмірден құр қалар.

Мыс құрамы әртүрлі,
Іздегенге табылар.
Қоласы бар, жезі бар,
Мың сан кеннің көзі бар.

Халькопирит, Марказит,
Арсенопирит, Борнит.
Қаза берсең әріден,
Шыға келер Мыс-Пирит.

Тағы-тағы, тағы бар,
Халькозин мен Галенит.
Қорғасын мен мырышым,
Көп олжаның бірісің.
Алтын менен күмісім,
Толтырады көп жылғы,
Жезқазғанның ырысын.

Кобальт, Висмут, Селенім,
Бәрі де бар, сенемін.
Галлий, Талий, Теллурды,
Керегінше беремін.

Мұльда – жер қабатындағы бірнеше тектен қосылған минералдық тау-кен жыныстары.

Молибден мен Индийдің,
Қалайы мен Кадмийдің.
Рений мен Осмийдің,
Қызығын көрсін өз елім!

Бәрін ашқан – Қанышым,
Мақтанышым, арысым!
Дара туған, тау тұлға,
Қазағымның бағы үшін.

СОҒЫС АЛАПАТЫ

Соғыс, соғыс, тірі жанды аяп па ең,
Сау кеткендер оралды ағаш аяқпен...

Соғыс, соғыс – қарсыласқан қан майдан,
Атылған оқ, снарядтар маңдайдан.
Соғыс, соғыс – окоптар мен танкілер,
Зеңбіректер күркіреген шалғайдан.

Соғыс, соғыс – төгілген қан майданда,
Жетімдер мен жесірлерге қарай ма?!
Аш-жалаңаш иілгендер тағдырға,
Төгілген тер сорғалайды маңдайда.

Бір үзім нан карточкамен берілген,
Азап жұмыс белдері оның бүгілген.
Қара қағаз араласа ел ішін,
Қабырғасы сегіз жерден сөгілген.

Еселі еңбек қан майданмен ұласқан,
Оған куә қан бораған көк аспан.
Жылап, сықтау үйреншікті әдеті,
Оралғандар қайғы-шерді жұбатқан.

Жеңіс, жеңіс – хас батырлар, ардағым,
Бауыржандар, Рахымжандар – саңлағым.
Жақсымбектер, Шерағандар, Талғаттар,
Әбсаматтай еңбегі зор тарланым!

Жеңіс, жеңіс – ұзақ күткен арманым,
Жауды жеңіп, бостандықты алғаным.
Құтты болсын қаһармандар мерекең,
Жауынгерлер, батырларым, қорғаным!

ХАБАРСЫЗ ӨТКЕН ЖАНДАРҒА

ҒАЖИЯ АСАТОВА

Дерексіз өткен сан жылдар,
Ол кезде біздер бала едік.
Өксіген жандар қаншама,
Еске алып соны көрелік.

Хабар-ошар жарымай,
Шашылған жерге тарыдай.
Біз өстік солай ер жетіп,
Әкеміз кетті табылмай.

Әкенің көрмей жанарын.
Шешеміз өтті зарығып,
Ести алмай хабарын,
Әжемнің көзі суалып,
Жалғыз ұлын көре алмай,
Өліп те кетті қамығып.

Алыстан көрсек бір жаяу,
Алдынан шықтық «әкелеп».
Жаралы келген жандардың,
Жарасын таңдық мәпелеп.

Кейбірі ағаш таяқпен,
Көбісі жалғыз аяқпен.
Қолдары шолақ мылтықтай,
Көздері жоғы жол таппай,
Кіреді үйге жалтақтай....

Қаһармандарға қуандық,
Жеңіс туын әкелген.
Бабаларым мықты ғой,
Бейбіт заман әперген!

Қанды соғыс құрысын,
Өркендесін ұлысым.
Ынтымағым жарасып,
Тасысын, елім, ырысың!

РӘМІЗДЕР

Рәміздер – тәуелсіздік белгісі,
Егемендік – халқымыздың жемісі.
Бойға қуат, жігер берер шырқалса,
Әнұраным қабыл еткен жер жүзі!

Бабаларым жас шаңырақ құрғандай,
Біз емеспіз бағы ашылмас сор маңдай.
Қарсы шықса дұшпан біткен жабылып,
Сезінемін ел тұтқа боп тұрғандай!

Рәміздер сезім сыйлап бойыма,
Сый-құрметпен келіп тұрмыз тойыңа.
Қапастықтан құтқарады бірлігім,
Қазақстан, халқым менің, тек алға!

Көк байрағым боялмасын басқаға,
Жазып қойған жүрегіме, тасқа да.
Елтанбамыз – жарқырасын ақ таңдай,
Әнұраным – қуат берсін халқыма!

ҚАЗАҚТЫҢ ДАҢҚЫН АСЫРҒАН

ҒИЯ АСАТОВ

*Үш бірдей «Даңқ» орденінің иегері
Жақсымбек аға Үншібаев ескерткіші алдында*

Даңқ алаңы түрленді,
Көк желекпен безенген.
Көмкеріліп гүлдері,
Қызыл кілем төселген.

Тұғырда тұр ортада,
Күлім қағып Жақсы ағам.
Кеудесінде үш орден,
Тәлім берген жастарға.

Жеткіншектер жағалай,
Асыр салып ойнаған.
Бейбіт күннің ұланы,
Жеңіс тойын тойлаған!

Ұрпағы өссін елімнің,
Отанын жауға бермеген.
Батыр даңқы жасасын,
Жеңіліп жаудан көрмеген!!!

* * *

...Сұрапыл соғыс жылдары,
Қан майданға аттанды.
Бекболат сайдың ұлдары,
Жауларды жеңу – ұраны.

Жарқын жүзді жайдары,
Бекболат сайдың тарланы.
Отан үшін, ел үшін,
Қызғанда соғыс майданы,

Қас дұшпанға қасқайып,
Бастарын оққа байлады.

Бейбіт жатқан еліме,
Қанқұйлы жау енгенде.
СС, вермахт, гестапо,
Ажал сеуіп сұм фашист,
Шекараға төнгенде.

Еуропаны жаулап батыста,
Таңғы шай ішпек Латышта.
Прага, Вена, Варшава,
Түстігі – Қызыл алаңда.
Қытайды шауып жөнекей,
Кешкі асын ішпек ШЫҒЫСТА.

Кеңестермен қоштасып,
Жапондармен достасып.
Тынық мұхит төрінде,
Сәресі ішпек бас қосып.

Басқыншылар лепірді,
Қиратты зауыт, көпірді.
Қаншама халық опат боп,
Жер үстінен өшірді.

Қалаларда ғажайып,
Концлагерьлер орнады.
Бұзып кіріп қамалды,
Адамдарын қорлады,
Адалдарын зорлады...
Отқа оранды орманы.

Шөлдегенде ішетін,
Бір тамшы су болмады.
Су орнына қан жұтып,
Жауынгерлер сорлады.

Қазақтан шыққан батырлар,
Мәскеуді де қорғады.
Қажымас қайрат, ерлікпен,
Елімнің болды қорғаны.

Қарсыласқан майданда,
Отан сүйген ерлерім.
Әлия, Мәншүк – мергенім,
Жақсымбек ағам ішінде,
Немісті қойдай қуалап,
Сазайын қалай бергенін,
Рейхстагқа ту тігіп,
Жауызды қалай жеңгенін.
Біледі әлем, білемін!

Тұғырда тұр ғой – Жақсы ағам,
Қазақтың даңқын асырған.
Өшпесін аға, Даңқыңыз,
Ғасырға жетіп ғасырдан!

ЕРЛІГІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ*(Әбсамат Тәжбеновке)*

Тұлғасы биік Әбекем,
Барлаушысы Одақтың.
Неміс деген жауызға,
Бұрқыратып оқ аттың.

Иығыңда пулемет,
Жауларға тарттың төтелеп.
Жауынгерлер соңыңда,
Жүгіріп жүрді «көкелеп».

Днепр, Днестр суларын,
Кавказдың биік тауларын.
Жүгіріп кешіп өттің де,
Көтердің жеңіс туларын.

Қарсы шыққан жауызға,
Арыстан болып атылдың.
Штыкпен түйреп кейбірін,
Асыра бойдан лақтырдың.

Жарылғанда снаряд,
Шыбын құрлы сезбедің.
Жарақат алып жатсаң да,
Қорлығына төзбедің.

Ерлікпен бітті қан майдан,
Рейхстагтың төрінде.
Өкіріп жатты жауыздар,
Өздері қазған көрінде.

Жеңіспен елге оралдың
Тауысып тағдыр нәубетін,
Қуанышқа кенелттің,
Сандыбай батыр әулетін.

Тірідей «Герой» атанды,
Қаһарманы халықтың.
Көшеге бердік атыңды,
Ерлігің – елдің есінде,
Шақырдық алыс, жақынды.

Тойға ұлассын тойларың,
Ұлытау – арқа, аймағым!
Көкке өрлей берсін көк, жасыл,
Тәуелсіз елім, байрағың!

САҒЫНДЫРҒАН САҒЫМ ЖЫЛДАР...

(Садық ағамызды еске алу)

Жігіттерің тұратұғын елжіреп,
Шаштары аппақ, тұр ғой қазір селдіреп.
Сиреп барады күннен күнге арасы,
Көрінбейді АЙСА інің, Жолдасбек.

Сарыарқаның бетті сүйген самалы,
Күл, топырақ, дауыл соғып барады.
Көкшіл түтін көз аштырмай, қаратпай,
«У» топырақ өзендерге ағады.

Шалғындары, аршалары өртенді,
Тақыр дала, ашқандай-ақ көрпенді.
Ақ қайыңдар Ұлытауда өртеніп,
Жасыл терек Кішітауда жоқ енді.

Аққу-қаздар қиқулаған өзенде,
Бұл қорлыққа жан-жануар төзер ме?
Нарық қысып қос бүйірден адамды,
Қызық біткен таусылғандай осы елде.

Байлығымыз кетіп жатыр шет елге,
Осылайша осы заман өтер ме?
Тау-тас қалды, жұрдай болған қарашы,
Жер сатылды естімеген, бөтенге.

Жүргенменен шартарапта бағы асып,
Кездесуге келдіңіздер жарасып.
Күлім көздер ағамыздың достары,
Жәйремді ашқан іргетасын қаласып.

Сәтті күндер артта қалған елестеп,
Тәтті күндер ойландырған келешек.
Ертегідей өте шықты лезде,
Өткен күнге біз емеспіз берешек.

Сағындырған сағым жылдар қайдасың?
Біз түсіндік достық, бірлік арасын.
Армысыздар, ақ жүректі жарандар,
Бірге соққан Жәйремдіктер қаласын!

Мен тілеймін баршаңызға амандық,
Болмасыншы ешқашан да жамандық.
Жақсы өмірде жайнай берсін тіршілік,
Достарыңыз, бала-шаға аман қып!

САДЫҚ ҚАСЫМҰЛЫНА

Мақтан етем, жан аға, неменемді,
Көрмей кеттің көп күткен немеренді.
Өзің салған жас қала тоз-тоз болып,
Әйнектері ағашпен шегеленді.

Еңбеккерлер суықтан бүрсендеген,
Көшелерің бос қалды жүрсем деген.
Өзің барда жайнаған қызық дәурен,
Жан қалмады-ау, еске алып күрсінбеген.

Қайран менің жан ағам – дара тұлған,
Халқың үшін, ел үшін жаратылған.
Бір жарқ етсе алдымда асыл бейнең,
Басылар ма жүрегім аласұрған.

Көп тойларды көрмедің, Садық ағам,
Бірге кетті өзіңмен Нұрлан балаң.
Жазылмастай жүрекке жара салып,
Тағы айырылып отырмын Индирадан.
Шыдай алмай солардың қайғысына,
Мен айналдым адамның байғұсына...

**ШҮКІР АҒА,
ЖӘЛЕЛ ҚАЛМАҒАНБЕТОВ,
МҰЗАРАФ АХАНОВ АҒАЛАРҒА**

Ардақтысың ағаларым білемін,
Сіздер десе алабөтен жүрегім.
Жабыққанда, сағынғанда Сәкенді,
Бір көрсем деп сіздерді іздеп жүремін.

Кездесе алмай өздеріңмен тарықтым,
Жан сырынды ағалар-ау жаңа ұқтым.
Бірге өсіп, бірге жүріп есейген,
Көзісіздер – аяулы ағам Садықтың!..

ӨМІР КЕШТІК ЕГІЗДІҢ СЫҒАРЫНДАЙ

(Ақын рухымен сырласу)

*Әділ сөздің алғыры мен білгірі,
Терме-жырдың шаң жұқпайтын дүлдүлі,
Қайран досым сағындық-ау, сағындық,
Өткен сайын табиғаттың әр күні.*

Айтар сөзден ешқашан тартынбаған,
Алмас қылыш едің ғой жарқылдаған.
Ел сенімін ақтадың, арманын да
Жырлаушысы халқының – Алтын адам!

Сен кеткен соң, Шәкем-ау, бәрі өзгеше,
Қара сабын табылды текше-текше.
Қаптап кетті қалаңда дүңгіршектер,
Түсініксіз атаулар көше-көше.

«Стивол» дегені бар «Брайтоны»,
Шамасы ақшаны көп сұрайтыны.
«Кристалл Мристалдар» жол бермейді,
Араққа да ат берді «Құдай тегі».

Дұрысыңды тексіздер тыңдамайды,
Тыңдамайды, ешкімді сыйламайды.
Көз қырын да салмайды нашарларға,
Сөйлесіп те ауызын былғамайды.

Жағымпаздар көбейді жылпостармен,
Жалаң аяқ келіп еді, құр қостармен.
Қарынбайдай қампиған қалталылар,
Қол беруге қашады құрдастармен.

Әлі жеткен алады 4-5 есе,
Жәй қазаққа тигені, төрт-бес кесе.
Өзің барда тапсырып кетпеп пе едің,
Күні кеше, досым-ау, күні кеше...

ШЫНДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ЖАЗДЫҢ, АЙТШЫ МАҒАН ...

(Шынболатқа)

Бұрқырап сарқыраған Сырдың суы,
Болмаса, ғашық болған Сыр сұлуы?
Әйтпесе, Ұлытау ма өзің өскен,
Жолатпай қансыратқан қас пен жауды...

Дарыған даналық па Ер Тінейден,
Болмаса Бауыржан ба, Қасым Қайсен.
Хас батыр Бигелдинов Талғат па екен,
Ғарышкер Тоқтарым ба көктен келген.

Баласы Оразайдың Ахмет ишан,
Киелі, Ел тұтқасы ойлап тұрсам.
Тектілік сөйлетті ме айт деп соны,
Тақырып «Шындық» еді ашылмаған?

ҰҚСАСТЫҚ

Бір-бірінен айнымас қатар қойсам,
Екеуі де бұйра бас, үлкен, бойшаң.
Маңдайлары ұқсайды, қабақтары,
Екеуі де геолог қарап тұрсам.

Кен зерттесе балғамен Қаныш ағам,
Жыр зерттеуден Шынболат шаршамаған.
Екеуі де елдің «ең кішкентайы»,
Салыстырсам ұқсайды, неге маған?!

Үндестік бар істері, түрлерінде,
Кенді тапты Геродот сүрлемінде.
Жыр жырлады еске алып өткендерді,
Ол тірілтті жыраулар дүрлерін де.

Кейде осындай ойларға кеп қаламын,
Шынболат пен Қанеке еске аламын.
Кенші алаңда қасқайған Қанекемді
«Менің Шәкем досым ба?» деп қаламын!

Алдымда бой көтерген Ұлы Ғалым,
Үндестік жарасып тұр ұлылардың.
Ұқсастық болады екен бұл өмірде,
Шырмалып алдарында тұрып алдым.

ТАС ЖАРҒАН ГҮЛ

Поэзия әлемінде құйрықты жұлдыздай жарқыраған, өлең өлкесіне өшпес ізін қалдырған, бала кезден бірге өскен жан досым, марқұм Шынболаттың «Тас жарған гүл» атты жыр кітабы жарық көргенде.

*Қамықпа, досым, қамықпа,
Келер күн көктем сыйлайды.
Адамдар сыйған табытқа,
Ақындар бірақ сыймайды.
(Артығали Ибраев)*

Көз жазып қалып досың да талай кешті мұң,
Табылса жоғың, қазаққа деген жақсы ырым.
Зарығып жүрген, сағынып жүрген шағымда,
Үніңді сенің «Тас жарған гүлден» естідім!

Тас жарып гүлің, шығыпты жердің бетіне,
Құшағым толып, шипа да болды-ау дертіме.
Еске алып тұрмын, тереңнен шыққан жыр-гүлден,
Жетелеп арман, балалық шақтың шетіне.

Балғын шақ шіркін, оралғандай ма қайтадан,
Бар мұнды, досым, жасырмай саған айта алам.
Арқалап алып сағыныш пенен арманды,
Жүгірсем шіркін жалаң аяқ, жай табам!

Аманбыз түгел, ұл-қызың және өзім де,
Еске алдық сені ет жүрек шіркін езіле.
Жиналып келіп Сарайда бірге отырмыз,
Естіп көр енді сағынған халық сөзін де ...

КӘКІМБЕК АҒА

Ән болып тербетілген,
Жырладың кең даланы.
Сағынған ерке тілмен,
Қаныштай ер-дананы.

Бата алған кемеңгерден,
Қазына – кен өндiрген.
Жыр арнап жез киікке,
Даласын қадiрлеген.

Жез киік заулағанда,
Жүйткіген жыр қаламы.
Аққулар қалқығанда,
Айдын да ән салады.

Сезімтал жүрегімен,
Жырлаған жастар әнін.
Әр әнің түрлерімен,
Келтірген тойдың сәнін.

Аралға ара тұрған,
Ерекше жаратылған.
Биіктеп тұра берсін,
Нұр бейнең, дара тұлғаң.

Алатау, Көкшетаумен,
Ұлытау, Кішітаумен.
Сол таудың бірі өзіңіз,
Сүйенсек тірегіміз,
Жырларын төге берсін,
Даладай жүрегіңіз.

АҚЫННЫҢ ҚАЗАСЫНА

(«Жезкиік» әнімен)

Дауылы табиғаттың неткен күшті,
Бір шыңы Көкшетаудың құлап түсті.
Мүлгіді қарт Ұлытау бас көтермей,
Аялап жаутаң қаққан Жезкиікті.

Аһ ұрып, тебіренді дархан далам,
Жас талап лирикаға тартқан қадам.
Қимайтын алып кетті-ау ағамызды,
Біз қалдық орнағандай ақырзаман.

Қайыңның тітіркеніп бұтақтары,
Мөлдіреп көз жасындай бұлақтары.
Аққу-қаз қиқу салып ұшып кетті,
Бас иді айдын көлдің құрақтары.

Жан аға, еске алып жүр кең даланды,
Орнатқан өз қолыңмен қос қаланды.
Сағынған сәттеріңде Жезкиікті,
Табынған талантыңа барша жанды.

СЫР САНДЫҒЫ АРҚАНЫҢ*(Әйгілі өлкетанушы Сүтемген Бүкіров ағамызға)*

Дәл осы, біздің мына Жезқазғанда,
Көне ғұндар кезінде кен қазған ба?!
Мысты өлкенің Ертағы, Кертағысы,
Қандай болған Герадот заманында?!

Жолдарын керуен сарай қалай салған?
Көк тасын, алтын, күміс, мысын алған.
Сүтемген ағамыздың арқасында,
Тіріліп, талай тарих анықталған.

Бас Қамыр, Аяқ Қамыр қалалары,
Өзеннің ағысы мен салалары.
Жібек жолы ізімен жүре берсең,
Пәкістан, Үндістанға апарады.

Ескерткіш, қорғандармен көп сырласқан,
Тастағы таңбалардың сырын ашқан.
Тереңнен дерек жиып, ісін жалғап,
Қаныш пен Марғұланның ізін басқан.

Жоңғарлар жауламақ боп соғыс ашқан,
Жоймақ боп бар қазақты жанталасқан.
Бұланты, Білеутіде, Қалмаққырған,
Жауыздық бола бермес бұдан асқан.

Қолымда найзалар мен садақ ұшы,
Жебелер, қылыш, балта, қол күрзісі.
Орыны кескілескен қан майданның,
Еңбегі ағамыздың неткен күшті!

Сыр шерттің Ер Едіге, Тоқтамыстан,
Жошы хан, Ақсақ Темір, Абылай хан.
Домбауыл, Кетбұқадай батырлардың,
Жүрегі жаралған ғой ар-намыстан!

Тарихи деректерді жинап бердің,
Паш етіп, әрбір тасын сүйікті елдің.
Еңбекқор ағамызбен мақтанамыз,
Көрсеткен Ұлы Дала биіктерін!

Кезінде ұлылардан алған бата,
Атандың елімізде Музей-Ата.
Өлкеде еңбегіңіз ұшан-теңіз,
Береміз бұл ісіңе Алтын Сапа!

Жас ұрпақ істеріңді жалғастырсын,
Атағың Марғұланмен қатар тұрсын.
Жол тартып мәңгілікке ғасыр сайын,
Жұлдызың ғаламшарда жарқырасын!

МҰРАЖАЙДЫҢ АТАСЫ

(Мәкен Төрегелдинге)

Көгілдір аспан астында,
Жер-жаһанды таң қылып.
Мұражай сыйлап еліне,
Кеттің бе, Мәке, мәңгілік.

Геродоттың іздері,
Рычковтың тізбегі.
Қаныштай дара тұлғаның,
Жарқырап тұр ғой жүздері.

Тайқазанды қайнатып,
Шахтада сүңгі ойнатып.
Кен қазған сонау бабамның,
Іздерін кеттің сайратып.

Паравоздар арқырап,
Күмісі, алтын жарқырап.
Мыс бұлағын ағыздың,
Жайнап та кетті атырап.

Танкіге бронь кигіздің,
Бақыты үшін ұл-қыздың.
Бәрін де әкеп аулаға,
Қалайша, Мәке, сыйғыздың?

Көп рақмет айтамыз,
Жиналған жұрттың атынан.
Ісіңіз жетіп әр елге,
Даңқыңыз қалсын әлемде!

ЖАС КЕЛІНГЕ

Жас келінім келіп тұр,
Неткеп ғажап әдемі.
Тап-тамаша, сүйкімді,
Модельдердің модемі.

Көзқарасы тамаша,
Киген киім жаңаша.
Ауызға үріп салғандай,
Қуанамын балаша!

Қуанамын, шаттанам,
Келініммен мақтанам.
Тап осындай жастармен,
Құлпырады жас қалам.

Ерінбеңіз көріңіз,
Қандай әсем көрініс.
Жақындашы таяншы,
Тұмаржаным – Томирис!

Бір міні жоқ бойында,
Еш жамандық ойында.
Ән салайық, би билеп
Осы сенің тойыңда!
Осы сенің тойыңда!

ШАТТАНАМЫН

Бұл өмір – қандай көркем, кемел еді,
Болам ба мен шынымен немерелі?!
Ақ бата, айтқан тілек қабыл болып,
Аташка аталатын кезім келді !

Келінім, айналайын, қарашығым,
Мың тәубе, жайың қалай, аманбысың?!
Жарқырап дүниеге сәби келді,
Келтіріп шаңырақтың жарасымын.

Атқанда май айының әсем таңы,
Жарқырап нұрға толды үйдің сәні.
Ағайын мәре-сәре нәрестеге,
Көбейді тағы да деп ұрпақ саны.

Мен бүгін мақтанамын, шаттанамын,
Аталар қатарына аттанамын.
Іңгәлап жалғастырған ата жолын,
Бөбегім, құтты болсын шат қадамың!

Құдалар, құдағилар, келші мұнда,
Тойлайық немерені тау шыңында.
Көңілім асқақтайды көксеректей,
Достарым, келші мұнда, келші мұнда!

НЕМЕРЕМ БАР, ЖАЛҒАСЫ ӨМІРІМНІҢ

ҒИЯ АСАТОВ

Немерем бар, жалғасы өмірімнің,
Қуанышы ортайған көңілімнің.
Садық деген ардақты атты қойдық,
Ағамыздың тарқатып қайғы-мұңын.

«Дүниеге келер әлі талай Садық,
Ол Садық бұл Садыққа болсын қанық».
Деген сөзі қадірлі ағамыздың,
Жатушы еді жүректе от боп жанып.

Қадір тұтшы бұл атты, қайран балам,
Кездерінде атандай сайрандаған,
Киелі аруағына кір келтірмей,
Азамат бол атандай жайрандаған.

НЕМЕРЕМ САДЫҚҚА

Дауысың зор ғой, өзіме тартқан тембірің,
Күлкің бір ғажап, суындай сылқым Кеңгірдің.
Ұмтыла басып, ойлана қалар кездерің,
Жұққан ба қалай, қанынан қара кемпірдің.

Аппаксың өзің, алыста жатыр ойларың,
Көрсем де қанша мен саған балам тоймадым.
Тиер деп көзім, тілімді тістеп отырам,
Сүйсем де сені, ешкімге айта қоймадым.

Ұнайды маған «аталап» айтқан сөздерің,
Еліктей маған жұмыла қалар көздерің.
Қоңқиған мұрның Кішітаудың дөңіндей,
Өзіме тартқан көргенде сені төзбедім.

Тұрады маған көргенде сені нәр беріп,
Қуатым тасып, қаламын сәтте әлденіп.
Уайым тарқап, жадырап кетем сауығып,
Немерем тұрса киініп алып, сәнденіп.

Жатасың кейде дүркіреп қашқан киіктей,
Қылығың қоймас жанымды менің иітпей.
Атойлап келіп, танысың көптен айнытпай,
Сезеді қалай жүрегің сенің титтей.

Жатады ағып қаныңда сенің ізгілік,
Сен десе жаным тұрады дәйім үздігіп.
Үмітім де өзің, жалғасы да өзің әулеттің,
Қолыңда сенің, бабамнан қалған тізгінді ұқ.

КӨКТЕММЕН БІРГЕ КЕЛГЕН КИЕЛІ ЖАН

ҒИЯ АСАТОВ

Көктеммен бірге келген киелі жан,
Еліктің еркелеген лағындай.
Үйіме жылуыңды ала келдің,
Тамыздың тамылжыған шуағындай.

Үзілген алыс қалып армандарым,
Жылуға шөлдеп жүрген жан боламын.
Қалауын көңлімнің жазбай тапқан,
Сезімтал жүрегіңнен айналайын.

Жылытып жүрегімді көктем еткен,
Бақытым, қуанышым, құт-берекем!
Қабыл ал, тілегімді айналайын,
Туған күн құтты болсын, сүт мерекең !

ӘБІЛМАНСҰРҒА

Той дегенде маз-мейрам боп қаламын,
Кіп-кішкентай, ең сүйікті адамым.
Қуанышпен құттықтаймыз бәріміз,
Құтты болсын тәй-тәй басқан қадамың!

Есімің зор, ӘбілМансұр-балақай!
Тұсау кестік, жүріп кеттің алақай!
Ұзақ ғұмыр берсін саған, бір Алла,
Шашу келді, жинаңыздар талапай.

Думандатшы Ғабдолла мен Сандуғаш,
Үйге кірсін, азаматқа есік аш.
Төрге шықсын, Абылайдай ардақты,
Көптен күткен құтты болсын қуаныш!

«Ел басқарсын келешекте білікті,
Нашарларды қолдасын кең жүректі.
Табысына ортақ болсын ағайын», –
деп құдаңыз арнады осы тілекті!

ТӨЛЕГЕН БҮКІРОВКЕ

(70 жас мерейтойына)

Арқасында адал еңбек, асыл ой,
Арта берсін құрмет пен сый, абырой.
Бақыт қонып, қыдыр дарып басыңа,
Ғасыр жаса, құтты болсын мерейтой!

Одан да асып Осмий ата болыңыз,
Әрқашан да ашық болсын жолыңыз.
Отбасында күнде қызық жалғасып,
Жаңарған Ел құрметінде болыңыз!

ДОСТАРЫМА*(Кеңес Жәкіұлы Жұмановқа)*

Жиналып Хантөбе мен Қуаңбайға,
Ерінбей бас үйреттік асау тайға.
Шыңдардың биігінен ән шырқадық,
Жеткенше төмендегі терең сайға.

Ат мінсек жүйрік деген ала-құла,
Кездестік Кіші таудың баурайында.
Жосылтып кең даланы дүбірлеткен,
Шіркін-ай, артта қалған жастық қайда?!

Жарыста оза шаптың, ілестірмей,
Ән салсаң, алда болдың күміс көмей.
Әбдіраш қолына алса домбырасын,
Қалмадың қатарыңнан күн-түн демей.

Артыңда далаң қалды дүбірлеткен,
Көк майса, маужыраған гүлді көктем.
Ұрпағы Бабыр бидің «қош» деп айтам,
Бақи боп бұл өмірден озып кеткен.

Ақ көңіл мінезің-ай күндей ашық,
Қуандық кездескенде судай тасып.
Мезгілсіз алып кетті ажал шіркін,
Мен қалдым ескі жұртта жанталасып.

Күн болса, жарқыраған ашық аспан,
Түн болса, жұлдыз біткен жымыңдасқан.
Сыймайтын кең далаға қайран досым,
Жан бар ма бұл өмірде сенен асқан?!

МӘҢГІЛІК ТЫНЫС ТАПТЫҢ БІЗДІҢ ЕЛДЕ

(Бозтай Аяпберген ұлының қазасына)

Тербеліп ақ бесігің Сыр елінде,
Танымал адам болдың Мысты өңірге.
Дариядай асау мінез танытпадың,
Бұрқырап-сарқырамай келген жерге.
Кіші Жүз Ұлтай – Кете ұланы едің,
Тамаша сұдай сіндің келген елге.

Еркелеп жүруші едік ағамыздай,
Әзілің, жұмсақ үнің, бала-қыздай.
Арадан кетіп бүгін бара жатсың,
Қимайтын қасиетті ағамыз-ай!

Кезің жоқ ауыр жүкті көтермеген,
Парыз жоқ Ұлытауға өтелмеген.
Сырқатың бойды билеп жатсадағы,
Арманың Алатауға жетем деген!

Жоқ болдың арамызда келіп-кетпей,
Бәрімен тіл табыстың өкпелетпей.
Саңлағы Кіші жүздің қимай тұрмын,
Айтуға жаным толқып, тілім жетпей.

Биік қой өзгелерден парасатың,
Қиырға шығаратын Алаш атын.
Еңбегің ешқашан да ұмытылмас,
Қалады ел есінде жақсы атың!

ҰСТАЗЫМ – ҚАСИЕТТІ АСҚАР АҒА*(Тұрмұханбет Исмағұловқа)*

Ұстазым – қасиетті Асқар аға,
Аянбай еңбек еттің қос қалада.
Театр, тұрғын үйлер, аурухана,
Салынды балабақша жас балаға.

Жол көрсеттің жастарға еңбекпенен,
Ұстаз жәйлі сұраса Сіз деп келем.
Қос қаланың «Құрметті азаматын»,
Жас бала да біледі еңбектеген.

Сайрап жатыр іздерің қала салған,
Көшелерің бой түзеп шығады алдан.
Әр кірпіште қолыңның ізі жатыр,
Еңбегің елге мәлім ардақталған.

Табысыңды Түреке мақтан етем,
Аман болсын балалар, ақ жеңешем.
Энергетик қауымын алға сүйреп,
Ортамызда жарқырап жүре бер сен.

Жылу бердің әр үйге, жарық бердің,
Көтеріп абыройын нарықты елдің.
Өзіңмен бірге істеген кеншілердің,
Сәлемін жалындаған алып келдім.

Біртуар, дара жансың айдан-анық,
Бұл өмірге келмейтін қайталанып.
Асыл аға, жүз жаса, бақытты бол, –
деп тілейді достарың, барша халық!

ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢГЕНСІЗ

(Тұрмұханбет Ысмағұлұлының рухына)

Түрекең мен Лапаным,
Ел есінде атағың.
Екеуің бірге болғанда,
Сәулесі едің сапаның.

Алғысын алып – Атаның,
Киесі қолдап батаның,
Бірге киіп тоздырдық,
Шекпені мен шапаның.

Жарықта болып көргенбіз,
Күн-түнін іске бөлгенбіз.
Фабрика, шахта, зауытта
Мың тіріліп, өнгенбіз.

Қиындықты жеңгенсіз,
Болашаққа сенгенсіз.
Қос қаланы жайнатып,
Еліме сыйға бергенсіз.

Қош болшы деймін, жан Аға,
Қолдасын Алла тағала,
Бақытын берсін жаратқан,
Арттағы бала-шағаға!

ҚОЙШЫБЕК АҒАМЫЗДЫ ЕСКЕ АЛУ

Жұлдыздар тобын бастаған,
Ардақты ағам – Қойшыбек.
Қарашаңырақ Қарсақпай,
Құрметтеген қадірлеп.

Шыққандай еді аңыздан,
Балқытушы бағзыдан.
Отан үшін, ел үшін,
Мыс бұлағын ағызған!

Кішітаудың тарланы,
Жастарға үлгі барғаны.
Оразалы, Битенов
Ағаның ісін жалғады.

Ұйымшылдық, береке,
Сыйғызды бір қауызға.
Он бір оқтың тоғызын,
Дарыта білді жауызға.

Жеңістің туын әперді,
Еліме, байтақ жеріме.
Көп рақмет айтамыз,
Жезқазғанның кеніне!

Мақтанымыз, піріміз,
Оны да, халқым, біліңіз.
Еліне сіңген еңбегін,
Есіңде сақтап жүріңіз!

ТӨРЕҚАСЫМҒА ӘЗІЛ

Еңбегің өрен сенің, Төреқасым,
Тергенмен забойларда жердің тасын.
Брежнев қайдан келді деп қаламыз,
Жалт етіп қарағанда қалың қасың.

Әзілге өкпелеме Төреқасым,
Жамбылдың берсін Алла саған жасын.
Балалар отбасына бақыт сыйлап,
Жайнасын Гүлбарамдай замандасым.

БІР АРУҒА

Кездестің де сағынышты сыйладың,
Сол бір сәттен сені ешкімге қимадым.
Құлай кеттім, ләззаты мол сезімге,
Бар бақытты бір өзіңнен жинадым.

Жүрегіме ұяладың ән болып,
Жігеріме жігер қостың сән болып.
Балқып кеттім, толқып кеттім, шаттандым,
Бар өмірім бір өзіңе тән болып.

Әлі солай, сол бір ізбен келемін,
Болмай жатыр көздегенім, дегенім.
Бірақ, бірақ үмітімді үзбедім,
Бақытым да, арманым да сен едің.

Жүрегіме әмір жүрмей жалықтым,
Тағат таппай сағыныштан зарықтым.
Не деген күш жатыр еді өзіңде,
Қайтпаушы едім, қамықпаушы ем, қамықтым.

Құса болдым, ұйқы қашты, сенделдім,
Ес жия алмай есеңгіреп, мең-зеңмін.
Ем таба алмай шыбын жаным зарлайды,
Көзім жұмсам, көз алдыма сен келдің.

Мойын бұршы, тұра тұршы кішкене,
Басқа емнің керегі жоқ, істеме.
Жақындатшы бал татыған ерніңді,
Кешке жақын, таңертең де, түсте де...

НЕГЕ ЖАНЫМ, СЕЗІМІҢДІ ЖАСЫРДЫҢ?

ҒАНИЯ АСАТОВА

Жайлап келіп, мойыныма асылдың,
Неге жаным, сезіміңді жасырдың?
Нұр көзіңнен көріп тұрмын сағыныш,
Айналайын, жаным менің, асылым!

Жабырқамай гүл іздеші көгімнен,
Жырларым бар саған деген төгілген.
Қабақ шытсаң сәл азырақ күрсініп,
Төрт қабырғам сегіз жерден сөгілген.

Мұңаймашы, жадырашы, назданшы,
Жыр-көңілден сырларымды қазбашы.
Жырым сенсің, сағынышым, аяулым!
Қыс болса да, сен өзіңсің жаз басы.

Жазым сенсің, жан жылуы саулаған,
Бақ құсымсың, жүрегімді жаулаған.
Сағынғанда тоқтата алмас мені ешкім,
Қарсы тұрмас бөгет болып тау маған.

Жасыта алмас жауының да, жасын да,
Жауыздар да, жылпостар да, залым да.
Ештеңе емес атылған «оқ» мен үшін,
Жүрегімде сағыныштың барында.

СҮЙШКІМЕ

Ұнатсаң әсем гүлдерді,
Гүл болып қырдан жайқалам.
Ұнатсаң өзен-көлдерді,
Арнасы болам қайтадан.

Күнің де болып кетейін,
Жұлдыздай қарап алыстан.
Сағынсаң қазір жетейін,
Келгендей ұшып ғарыштан.

СҰЛУДЫ СҮЙІП КӨРДІҢ БЕ?

Сұлуды сүйіп көрдің бе?
Ып-ыстық демін бір жұтып.
Сұлуды сүйіп көрдің бе?
Бірінді-бірін пір тұтып.

Сұлудың тілін таптың ба?
Ойынан шығып әр кезде.
Сұлуды жақын жаттың ба?
Бойыңда қуат бар кезде!

Сұлуды сырлас болдың ба?
Ерінге-ерін жабысып.
Сауық-сайран құрдың ба?
Бір-біріңмен табысып.

Сұлуды тауға шықтың ба?
Көз салып әсем жиекке.
Сұлуды самал жұттың ба?
Махаббат маздап жүректе.

СЫР

Масайрап, жайнап күлгенде,
Нұр кешіп бірге жүргенде.
Кездеспей ерте сенімен,
Құр босқа өмір сүргем бе?

Тәп-тәтті өмір өзеуреп,
Жанымда өтіп жатыпты.
Бар білгенім төзу деп,
Азапшен таңым атыпты.

Ойласам ойға сыймайды,
Мен қалай соған төзгенмін?!
Басқаға көзім қимайды,
Керегі жоқ қой өзгеңнің.

Кездесе қалсаң шіркін-ай,
Тұрамын әр кез дайын боп.
Шынарым болсаң жанымда,
Сырлассам деймін қайың боп.

СҮЙГЕН ЖАНҒА

Жете алмай саған, жүрегім, талып сағындым,
Өзегім өрт боп, от болып, жанып сағындым!
Балапан қаздай бейкүнә сенің бейнеңді,
Бал татыған еріндеріңді сағындым!

Қайдасың қалқам, жақында менің жаныма,
Қимастық көзбен қарайын саған тағы да.
Қылығың қыздай, жүректі тербеп барады,
Сүйіктім менің, жаралған менің бағыма.

Қимастық көзбен қарауға саған болар ма,
Көңілің сенің, сүйіктім, айтшы толар ма?!
Кездескен шақта лебізің жүрек тербейді,
Бәйшешек гүлдей өрбіген бақыт солар ма?!

БАЛҒЫН МАХАББАТПЕН КЕЗДЕСУ

Мынау тұрған рас сенің өзін бе?
Күлім қағып қарап тұрған ол да сенің көзің бе?
Неғып тұрсың, асылсаңшы мойныма,
Кіріп кетсем не болады қойныңа?

Сағындым ғой сондай ісін серінің,
Тобарсыпты сүймеген соң ерінің.
Кел отыршы, сырласайық екеуміз,
Кел сұлуым, келші, менің керімім.

Тұла бойда сүймеген жер қалмасын,
Жан қалауын жүрек өзі таңдасын.
Ыстық демің құлағымның тұсында,
Жаным жатыр ұстараның ұшында.

Тағы, тағы құшақтайын, сүйейін,
Сүйкімдісің, қандай ғана киелім.
Еріктен тыс сезім билеп сананы,
Бота көздер төңкеріліп барады....

АСҚАНДА ЖАРТЫ ҒАСЫРДАН

Асқанда жарты ғасырдан,
Жас бала болып кеттім бе?
Өлердей сүйіп бас ұрған,
Арманға сонда жеттім бе?

Бар әлем маған түгелсің,
Өзің бар жерде, қасымда.
Басыңа түссе білерсің,
Махаббат – шырын осында!

БІЗ НЕГЕ БІРГЕ ЕМЕСПІЗ?

Шын сүйіп еркелеттім,
Қиялға желкен еттім.
Шөліркеп, шөлдеп келіп,
Кеш жатып, ерте кеттім.

Япырмау, түсім бе едің?!
Сен мені түсінбедің.
Күй кешіп әрі-сәрі,
Елестің ішіндемін.

Бақытым, барым дедім,
Шырқасам әнім едің.
Күлімдеп қайта оралшы,
Сүйікті жаным менің!

Білемін іздеп тағы,
Сіз әлі жүз келесіз.
Бірақ та айтшы бүгін,
Біз неге бірге емеспіз?!

ОЙЛАДЫМ

Ойландым да, күрсіндім,
Басып жүріп жер бетін.
Сен арқылы түсіндім,
Шын асылдың келбетін.

Ақылың неткен мол еді,
Жүректі тербеп үн қаттың.
Көңілің неткен көл еді,
Көргеннен құлай ұнаттым.

Елітіп әсем әзілің,
Ғашық боп қалдым күлкіңе.
Естілген мынау наз үнің,
Еркімді алмау мүмкін бе?!

Құшағын ашты құштарлық,
Сезімнің оты өртеді.
Осылай міне жаулады,
Ғашықтық деген дерт мені.

Асылдан асыл туады,
Бұл өмірдің заңы сол.
Ардақты өмір пырағы,
Қайда жүрсен аман бол!

Сүюдің шарты шектеусіз,
Сертің мен сенің талабың.
Бір-бірін сүйген екеуіміз,
Ғашық боп солай қаламыз.

Махаббат мәңгі, түсінші,
Жүректің оты сөнгенше.
Өзгені айтпа, құрысыншы,
Мендік бол, жаным, өлгенше.

ОЙЛАРЫМ

Ойларым менің, ойларым,
Ой түбіне бойладым.
Қанша ойласам бәрібір,
Арманға жете қоймадым.

Ойларым менің, ойларым,
Тереңге неге бойладың?!
Арманыма жолығып,
Қызығына тоймадым.

Сағынып кетем көрмесем,
Мен даярмын, «өл» десең.
Сусының болып кетейін,
Сағынып мені шөлдесең.

ҒАШЫҒЫМА

Жұмыс соңы, жарқын көңіл, жақсы үміт,
Сменаны кезекшіге тапсырып.
Кетіп бара жатқаныңда жаным-ау,
Сүйер ме еді, қыпша белден қапсырып.

Алма беттен сүйіп-сүйіп алайын,
От боп күйіп, шырпы болып жанайын.
Еркелетіп, емін-еркін аймалап,
Өліп-өшіп, құмарыма қанайын!

Қанар ма екен мейірімім құшқанда,
Жүректен от, көзден жалын ұшқанда.
Бас айналып, бақыттан мас болайын,
Ыстық лебің көкіректі қысқанда...

КӨКТЕМ

Көктемнің лебі жүректі тербеп еседі,
Ақша қар, аяз бәсеңдеп қалды кешегі.
Жануар біткен сілкінсе қыстың қосынан,
Келіншек біткен желпініп қалады деседі.

Үзіліп ұшқын, жалт етіп шуақ жанардан,
Тәуекел түлеп, енжарлық бойдан жоғалған.
Қанатын қомдап, жаһанды шарлап, шарқ ұрып,
Оянып кетер көңілде жүрген көп арман!

КЕҢГІР КӨЛІНДЕГІ ЖАЛҒЫЗ ШАҒАЛА

Әні мен сөзі Я. Асатовтікі.

Көл де жоқ бүгін, бұрынғы жатқан бусанып,
Толқынды толқын ұрмайды қуып, су шашып.
Қанатын керіп, жақындап келіп жағаға,
Шарлайсың қайта шарқ ұрып, жалғыз шағала.

Қайырмасы:

Еліңді қимай,
Жер-көкке сыймай жүрмісің,
Көлдегі жалғыз, көлдегі жалғыз шағала.

Кетпедің неге тобыңмен бірге қосылып,
Қикуды салып, қиғаштай ұшып, жосылып.
Не істейін жаным, ісіне мынау тағдырдың?
Қол жетпей мен де отырмын, міне, тосылып.

Қайырмасы:

Қанатың сенің, қанатың сенің талды ма?
Қикуың қатты, үнің де ащы, зарлы да.
Айналып ұшып айдынға қонбай қойдың ғой,
Қай жақта жүрсің көлдегі жалғыз шағала?

Қайырмасы:

Шарықта жаным, қалықта, аппақ шағала,
Қамықпа жаным, ғұмырды мынау бағала.
Көрдің бе сонау, сағыныш өртеп жүрегін,
Жан барын тұрған, өзіңді күтіп жағада.

ҚҰРАЛАЙҒА!

Ботасы Аппағымның – Құралайым!
Қалайша бата бермей тұра алайын?
Алдыңнан жарылқасын, жолың болсын,
Бақытты болыңдаршы, айналайын!

Сары уыз жиенім-ау, балапаным,
Ұмытпа ата-ананың алақанын.
Нағашың мына тұрған қуанышта,
Құтты қыл жас отауды жаратқаным!

Құдалар құдағимен аман болсын,
Бақ беріп, ошағыңа дәулет қонсын!
Отбасыңа тілеймін береке-құт,
Қап-қарашқа балалар үйге толсын!

НЕМЕРЕМІЗ ЗАРИНАҒА

Айналайын ақ бөпем, Зарина қыз,
Сен туғанда қуандық, әрине, біз.
Толыпсың ғой бір жасқа бүгін өзің,
Құтты болсын алғашқы мерекеңіз!

Мына отырған мырзалар – энергетик,
Ханымдармен келіпті мұнда жетіп.
Немересі болдың ғой бүкіл елдің
Әке-шеше ойынан асып кетіп.

Азамат бол киелі Ұлытаудың,
Қуанышы бола біл Кішітаудың.
Айдай ару қазақтың қызы бол деп,
Тілеп отыр амандық осы қауым.

Той иесі Өзденбай – Айша бегім,
Киелі ғой, Бабыр би, ата-тегің.
Немерелер күн сайын бақыт сыйлап,
Тойдан-тойға ұлассын өмірлерің!

НҰРАЙ ХАНЫМ

Нәп-нәзік бұл нәресте Нұрай деген,
Аппағым, сұраған соң Құдай берген.
Түріне қарандаршы назар салып,
Нұр шашқан азаматы шұрайлы елдің!

Періште, берекесі нарықты елдің,
Бақыты, қуанышы туған жердің.
Кредит, ипотека керек емес,
Қаржысын депозитке салып келген!

Сұрасаң бар байлығым аналарда,
Аппақ ата секілді даналарда.
Құдалар-құдағилар қарандаршы,
Тап осындай бақытты бала бар ма?!

ЖИЕНІМІЗ АРСЕНГЕ

Арсен-ау, сенің өзің неткен жансың?
Көзіңе түсіп қалсақ тамсанасың.
Әйтеуір біз білмейтін бірдеңе ойлап,
Осы күннің өзінде бас саласың.

Дегендей «бес бересі, алты аласың»,
Кіп-кішкентай болсаң да талпынасың.
Тумай жатып қалайша біліп қойдың,
Нағашы-жиендерің қатынасын?

Жүре бер осылайша жағаласып,
Шаттанып, нағашымен араласып.
Өскенде жұлып кетіп, алып кетіп
Жүргейсің еркелікпен асып-тасып!

Ренжу бізде болмас, қуанбасақ,
Той жасар ұрпақтары Асат – Масат.
Топталып келгейсіңдер аталарға,
Қуанып «жиендікті» бірге жасап!

Аса бір қуанышым менің бүгін,
Бір жасқа құтты болсын, толған күнің!
Бақытты балғын жасың өте берсін,
Тып-тыныш, тап-тамаша әрбір күнің!

АДАМДАР!

Адамдар бар, биіктер, аласалар,
Жақсы адамға кездесең тамаша бар.
Жамандарға жолыксаң жүрегіңе,
Жазылмастай қайғымен жара салар.

Тамаша бар, адамдар тамаша бар,
Жақсың болса түсінер, тамашалар.
Жақсылармен кездесу бір ғанибет,
Уа, құдырет, жасасын тамашалар!
Ажалдан да солар ғой арашалар,
Бір үзім нан бөлісіп қараса алар....

ДҮЛДҮЛ ТҮЛПАР ТҮЯҒЫ СЕН ЕМЕС ПЕ ЕҢ?

Жан бауырым Нұрлан Садықұлына

Жай оғындай жарқылдап өмір кешкен,
Еркелігің ешқашан кетпес естен.
Жан ағамның жалғызы – жалғасы едің,
Дүлдүл тұлпар тұяғы сен емес пе ең ?!

Нұрланым, жан ағамның көзі едің,
Ағамның қайғысына төзіп едім.
Жоқ болдың бір-ақ сәтте, бауырым-ай,
Жаһаннан сені таппай егілемін.

Әкелген дүниеге бес баланы,
Қайғырып анаң сені еске алады.
Ойласаң қыршын жас қой отыз жеті,
Еріксіз екі көзден жас тамады.

Қош енді, Кішітаудың саңылағы,
Қос ботаң, жарың, елің сағынады.
Қол жайып, Құран оқып, бағыштаймыз,
Қалмады ел-жұртыңның басқа амалы.

Қалайша аямадың Құдайым-ай?
Тұлпардың ізі еді ғой тұяғындай.
Жарқылдап саф алтындай жүруші еді,
Киелі Ұлытаудың қыранындай!

БАУЫРЫМ НҰРЛАНДЫ ЕСКЕ АЛУ

*Қара жер құшақтаған талай ерді,
Менің де бауырыма орын берді.
Келмейтұғын сапарға кетті жаным,
Амалсыз жерге көміп жас өмірді.
(Садық Асатов)*

Бұл өмір бос қалғандай біздер үшін,
Үдеткен табиғаттың көрдім күшін.
Адам мен табиғатты бір жаратқан,
Алланың құдыретін енді түсін!

Ұлытау сен кеткен соң қайғы басып,
Бұлақтар суалды ғой жатқан тасып.
Жер-көкті қаптап кетті өрт пен дауыл,
Шаң-тозаң шабындықтың орнын басып
(Сорлатып жүрегімді соған ғашық.)

Қайғыға ортақтас қой атамекен,
Орының, сірә, сенің толар ма екен?!
Жаудырап өзін сүйген гүлдер қалды,
Өзен – көл, таза бұлақ, қандай әсем.

Таңырқап Кішітаудың Серегіне,
Ақ қайың, тобылғысы, терегіне.
Жүруші ең көз жұмған соң бәрі қалды,
Жинаған алтын-күміс керегі не ?

Зарласақ күні-түні болады ма,
Күн жетсе гүл-бәйшешек солады да.
Лезде өте шықты жыл дегенің,
Көндіріп бұл өмірдің шолағына.

Іздейміз нұр бейнеңді сағымдардан,
Аққан жұлдыз сияқты ағымдардан.
Үзеңгілес достарың келе қалса,
Көңілде мөлдірейді аққу-арман.
Япырай, бұл дүние неткен жалған...

Ойлары Садық аға көкке ұшып,
Туғандар қайғы отына күйіп-пісіп.
Қыршын жас қиылған соң бәйтеректей,
Өзіңмен бірге кетті барлық қызық.

Қарасам қос ботаңның көздеріне,
Қаламын қайғы жұтып өзгеріле.
Жан жарың сездірмейді қасіретін,
Қайранмын қалай ғана төзгеніне.

Тағдыр-ай, тауқыметің қатты қандай!
Ботам-ай, кете бардың қоштаса алмай,
Сағындық, зар болдық қой бір көруге,
Қайтейін, Нұрланым-ай, бауырым-ай!

ЗКРИЯ ӘБТАЙЫРҰЛЫ ЖАНЫСБАЕВҚА

Сағындық батыр түлегі,
Елім деп соққан жүрегі.
Бес қаруын асынып,
Шипагер болып жүр еді...

Қамқоршысы елімнің,
Кең байтақ мынау жерімнің.
Әр баласы біледі,
Асылдығын тегінің.

Орыны бөлек, бір басқа,
Ардагер едің марғасқа.
Істеген ісің мәңгілік,
Жадында елдің қалмас па?

Ұлытаудай нұсқасы,
Нақыл сөздің ұстасы.
Жастарға беріп тәрбие,
Олардың болдың ұстазы!

Шипагерлер атасы,
Көп алған жұртың батасын.
Орны бөлек нар тұлға,
Тар жерде қалай жатасың...?

Құрметті болдың азамат,
Жақсыдан болсын салауат.
Жезқазған менен Қарсақпай,
Сәлемін бірге ала жат!

Ұрпағың қалды-ау қамығып,
Қарадан шапан жамылып.
Өзінді сүйген дос-жаран,
Қалатын болды-ау сағынып!

Өлгендер қайтып келмейді,
Жоқ деген сөзге сенбейді.
Ел үшін еткен еңбегің,
Ешқашан сенің өлмейді.

ҚОШТАСҚЫМ МЕНІҢ КЕЛМЕЙДІ*(Досым Төлеу Есенгелдиновтың қазасына)*

Өмірге талай тарлан келіп-кеткен,
Бұл тағдыр саған неге ерте жеткен?
Аянбай шахта астында жүруші едің,
Отаным орден тағып еркелеткен.

Жан едің тірілердің тамашасы,
Ауруға болмай қалды-ау арапашы.
Жоқ деуге қимай тұрмыз, қайран досым,
Іркіліп ағыл-тегіл көздің жасы.

Сәулесін соңғы күннің көрген жаман,
Жоқ болдың кеше ғана жүрген аман.
Қас қағып қоштастың да, жүре бердің,
Соңынан шыққан күннің таңға таман.

* * *

Жетпіс бес жасқа келгенде,
Тап болдық ауыр қазаға.
Той тойлаудың орнына
Хабарлап жүр имамдар:
«Ассалату жаназа, Ассалату жаназа».

Тыныштық орнап бір сәтте,
Жүректі жалын тербейді.
Табиғатта әлбетте,
Өлгендер қайтып келмейді.
Мен үшін өзің тірісің,
Қоштасқым менің келмейді.

Орнында бар оңалар,
Артында қалса баласы.
Немерелер көрінсе,
Жазылар жүрек жарасы.

Қайтейін енді, досым-ау,
Мақшардың күні болғанша.
Өтті де кетті бұл жалған,
Гүл-бәйшешек солғанша.

Бақұл бол, досым, сонымен,
Жер астына қимайтын.
Тілейді саған мол иман,
Достарың сені сыйлайтын.

ДОС ҚАЙДА СЕНДЕЙ*(Төлеуге)*

Қолымнан менің ештеңе келмей,
Болып та жүрмін соғылған сендей.
Сырласып бірге жүретін мәз боп,
Сертіне берік дос қайда сендей?

Тартысқан тағдыр алды да кетті,
Өзіңсіз, міне, тағы жыл өтті.
Қимас жандарың есіне алып,
Шын сезім толған көз жасын төкті...

Келмедің, бірақ ойлағанменен,
Достарың отыр таба алмай теңін.
Қош, қош деп тағы қайталай берем,
Сағыныш оты өртегенменен.

Аңкылдақ менің, ақжүрек досым,
Бұл өлең саған ескерткіш болсын!
Иманың тасып мәңгілік жерде,
Үйіңе сенің бақ құсы қонсын!

Гүлшахрат (Елизавета)

Қызға тән көркем, кішіпейіл, нәзік қалпында,
Қызмет еткен аянбай туған халқына.
Гүлшахрат десем ерке қыз еске түседі,
Өлшеусіз өмір, жарқын із қалған артында.

Өзілі әйбат, сөздері жанға жарасқан,
Өресі биік, өз қатарынан бағы асқан.
Қарындас еді алдымды кесіп өтпейтін,
Құрмет пен сыйы, ізгілік жолы жалғасқан.

Таба алмай тұрмын, төрдегі орның бос қалды,
Сағыныш деген осы бір сәттен басталды.
Қайдасың, қайда, сағым боп кеткен бауырым?
Орнында сенің мөлдіреп аққан жас қалды.

Кеттің бе бірге тізіліп ұшқан құстармен,
Жырлауға сені, бауырым, өте құштармын.
Күз өтіп сенсіз қақырап, міне, қыс келді,
Құлазып жаным, сеземін көңіл ызғарын.

* * *

Жүруші ең тіршілікте топты бастап,
Арманың жетем деген болған асқақ.
Қимай, қимай кеттің бе туған жерді?
Мұнайған ел, жұртыңды артқа тастап.

Егіліп балаң қалды, жарың қалды,
Біз көндік, Жаратқаным басқа салды.
Амал не, сағынышпен еске аламыз,
Ет-жүрек, өжет мінез, сағымдарды.

Күндердің сен өткізген, балалықтың,
Қадірін өзің жоқта жаңа ұқтым.
Кең пейіл, ашық мінез, өжеттігің,
Мәрттігің белгісі екен даналықтың.

Ешкімнің ала жібін аттамаған,
Өзіңмен, қарындасым, мақтана алам.
Есімің ел есінде ұмытылмас,
Адам жоқ жүрегінде сақтамаған!

**ҒАЛИЯ ЖӘРКЕНҚЫЗЫ
БАЙМҰХАНОВАҒА**

Жақсы боп келіп өмірге,
Жақсы боп кетіп барасың.
Елім деп жүрген жан едің,
Есінде елдің қаласың.

Өмірдің мына ақыры,
Қара жер екен, жаңа ұқтым.
Қош деуге аузым бармайды,
Құрметті жаны халықтың!

ЖАС КЕНШІЛЕРГЕ

Забой іші дымқыл тартқан сызатпен,
Ілініскен неше алуан закол тұр.
Кенші досым, абай болшы, қызба тым,
Ерінбей-ақ алып таста, мойын бұр!

* * *

Забойға кірсең жас кенші,
Жан-жағыңа қарап ал.
Ілінген тастар төбеңде,
Өлімменен пара-пар.

Ілінсе закол төбеңде,
Кірмеші оған, кері бар.
Забойдан шыққан әр таста,
Кеншінің ащы тері бар.

Маршрутпен жүрші ақырын,
Мойнында самоспасателің.
Өрт шыға қалса кенеттен,
Болмайды одан жақының.

Тастама бастан касканы,
Тастасаң қара басқаны.
Елемеген жандардың,
Төңкерілер аспаны.

Аккумулятор сөнбесін,
Айтамын соны көргенсін.
Шахтада досым абай бол,
Өзіңе қауіп төнбесін!

Шахтада бар ғой ток деген,
Ол дағы тең ғой оқпенен.
Жанды бір жерден ұстаса,
Тірі адам бірден жоқ деген.

Білу де керек амперді,
Вольт дегені тағы бар.
Электр сымы бар жерде,
Осыларды есіңе ал!

Кабельмен биік жұмыста,
Еске алшы токтың кернеуін.
Тағынбаған дұрыс па,
Қорғанатын белбеуін.
Ұшып кетсең биіктен,
Алыс та емес сорлауың!

Оқпанда клеть заулайды,
Жылдамдық екі жүз шақырым.
Итеріспей тұрыңдар,
Үндемей-ақ ақырын.

Орындап жүрші әрқашан,
«Он кардинал жоспарын».
«Бес қадамың» тағы бар,
Оны да, досым, қостағын!

Өкінбесін отбасың,
Қайғы жұтып аналар.
Текке жылап жүрмесін,
Жарың мен туған балалар,
Сөзімді менің тыңдасаң,
Ақыл болып саналар.

ШАХТЕРМІН ҒОЙ СУ ЖАҒА*(әзіл)*

Жұмысқа түстім шахтаға,
Киімін киіп жап-жаңа.
Арада өтті біраз күн,
Ілінді қолым ақшаға.

Достарым келіп еңбектес,
Шығар, – деді ақша – 25.
Жуамыз алғаш еңбекті,
Боласың деді кірлемес.

Түк білмегенсіп қана,
Жауапқа қойдым сөз таба.
–Жумай-ақ мені қойыңдар,
Шахтермін ғой су жаңа!

БАС РЕДАКТОР МАЙРАҒА!

Әп-әдемі қыздары «Шарайнаның»,
Келер деп газетімді қарайладым.
Келмегелі үш айдың жүзі болды,
Кезсем де Сәтбаевтың бар аймағын.

Бір күні хабарластым «доставкаға»,
Көбірек сөз берді бастапқыда.
Тілdestім Әлжапардың Мәдиіне,
Алдаған көніп қалдым әлдиіне.

Еңбекші көрінеді тұлғасынан,
Көктемде су ағады жылғасынан.
Алғаным, әкелгені бес-ақ нөмір,
Бергені осы болды жыл басынан.

Халықпен тілдесетін шекарада,
Сонымен газет келер күн бола ма?
Жабылып қалмасаңдар әкеліңдер,
Жүгіртпей оқырманды екі араға.

МЫРЗА ЖІГІТКЕ

Мырза деп қойып атыңды сонда таныстым,
Көп сынап жүріп, сырыңды сенің жаңа ұқтым.
Қабакты түйіп, қорқытып кейде тастайсың,
Бастық та болып алдымнан шығып жолықтың.

Өнерден-өнер шығарып Мырза келесің,
Сәбилік сәттің жүргізіп өмір – кемесін.
Осылайша тәп-тәтті ғұмыр кеше бер,
Өнерсіз жігіт Мырза ма мынау, – демесін.

Насыбай беріп ел-жұртты біраз қараттың,
Қуанышы болып Зәуре мен атаң Садақтың.
Ұрланып қана екі Асыл саған қараса,
Түрлерін көрсең оны да жаным жараттың.

Құдалар келсе оларға да жармастың,
Жарқ етіп жүзің сәулесіндей алмастың.
Нағашылар тобын бастап келіп тұрғанда,
Шетінде тойдың мен өзім жалғыз қалмаспын.

Ақ бата берем, үлкен жігіт бол деген,
Алысқа қарап, құлашын көкке сермеген.
Арманың ұшып, аспандап кетсе алысқа,
Ал өзің аман жүре бер осы жерменен!

ЖАҚАН БАУЫРЫМА

Бұл үшемнің дүниеге келгені,
Ол дегенің бір Алланың бергені.
Ұрпақтары Мұғалімнің өссін деп,
Тілектері, бата беріп сенгені.

Ойлағаны қабыл болды дананың,
Осы жайды жақсылыққа баладым.
Өркендерің өсе берсін күн сайын,
Ақ келінім, жарадың-ау, жарадың!

Біліп өнер, адам бол деп жар салған,
Ақ ниетпен барша жанды қарсы алған.
Қыран-бүркіт, тұлпарларды баптаған,
Сол сәттерді қимастықпен аңсаған...

Бүгін қызық, біздің елде үлкен той,
Назданамыз, масаттанып япырмай.
Құтты болсын тәй-тәй басқан қадамың
Бөбектерім, айналайын келе ғой!

Қыдыр дарып, бақыт берсін бәріңе,
Көбейіндер, көркейіндер әлі де.
Бұл атаңның тілектері қабыл боп,
Атақтарың тарай берсін әлемге!

МҰХАНБЕТЖАНҒА

Ал Мұха, құтты болсын 60 жасың,
Өзіңмен Күлзиядай қарындасым.
Самалын Кішітаудың ала келдім,
Жете алмай жүрсің ғой сен, сағынарсың.

Кішітау, Ұлытаумен қорған болсын,
Табысың ойдағыдай молдау болсын.
Немере, шөберелер, балалардың,
Басына таусылмастай бақыт қонсын!

БІРЕУГЕ

Дауысың үстем шықпайды бұрынғыдай,
Сәлем жолдау қалыпты туындамай.
Жағымпаздар өзгерер сағат сайын,
Қырған сайын шығатын жуындыдай.

Құр бекерге болар ма өкпелеген,
Кісі арын бабамыз төкпе деген.
Кейбіреудің құр беті жылтырайды,
Хром етік секілді шөткелеген.

Жүрегіне қарасаң қырық тесік,
Ластанған ауаның самалы есіп.
Бір жақсылық таппайсың тұл бойынан,
Лай суға түскендей белден кешіп.

Кейбіреуді жаратқан жарым қылып,
Кейбіреуге жарасар дарындылық.
Кейбіреулер меңіреу болғанымен,
Кейбіреулер тұрады бәрін біліп.

Кейбіреулер жүреді арыз тасып,
Көрінгенге тиісіп, араздасып.
Кейбіреулер бұқса да көлеңкеңнен,
Өсек-аяң шертеді алып-қашып.

Ірілерді заман ба майда еткен?
Тектілер де сырғыды-ау алғы шептен.
Ел бірлігін ойлайтын данышпандар,
Ұлы жүрек адамдар қайда кеткен?

Қасиетті, қадірмен бабаларым,
Ақ жолыңмен елімді жағаладым.
Аса берсін бабалар ұлағатың,
Келіп тұр ғой бас иіп жұрағатың.

ҒАШЫҚ ЖҮРЕК

Үйретші, мені білмесем,
Жетелеші тілдесем.
Жүрек пен жүрек тіл тауып,
Күлдіргейсің күлмесем.

Алдыңа келсем асықпай,
Жігерімді жасытпай.
Айналдырып әзілге,
Иірмеші асықтай.

Мап-майда сенің тілдерің,
Сөз таба алмай күрмелдім.
Шықпай тұрса дауысым,
Өлшеусіз сені сүйгенім...

Сөйлесе деймін мен үшін,
Көзқарасым, күлісім.
Өзің ғана түсінші,
Қалғанын қой, құрысын!

БІР АРУ

Бала үшін көз жасы тамшылаған,
Бір ару бар тағдырдан жасымаған.
Қатарынан қалдырмай жеткізем деп,
Өзін-өзі аямай қамшылаған.

Тағдыр жолы аямай сілкігенде,
Жағаласты өмірдің бұлтымен де.
Қос бүлдіршін есейіп, ер жеткенше,
Қоштасыпты сол ару күлкімен де.

Қыдыр болып түсіпті келген елге,
Сый-құрметі ұнады үлкендерге.
Рулы елді тамсантқан тағылымын,
Айтып жүрміз сүйсініп жүрген жерде.

ҚАМЫҚПА, ЖАНЫМ!

Қамықпа, жаным, басыңа түссе ауырлық,
Дұрыстау болар ақылмен шешім тапқаның.
Жолыма қарап, сағынып жүрсең жабығып,
Көмекке келер өлеңмен жазған хаттарым.

Аймалар сені аяулы сезім ем болып,
Сағыныштарым жаныңды жылытар мен болып.
Еске алып сонда сен менің махаббатымды,
Тегілер ме екен көзіңнің жасы көл болып?!

Жаз өтсе келер, сұрланған суық күз деген,
Шуақты күннен сонда да үміт үзбегем.
Бақытым келіп қолыма қонар сияқты,
Шығатын болсам жеріңнен сенің іздеген.

ТҮСІНБЕДІМ

Қатты ренжіп отырмын бір адамға,
Бір сөз айтсам салады бұралаңға.
Кекетеді, тәлкектеп сағат сайын,
Ренішің бар ма еді бұл ағаңа?!

Досым едің шәй десіп суыспаған,
Өзің барда керек пе еді туыс маған?!
Шыр айналып жүретін талайлар бар,
Сенім артып дәл сендей жуыспағам.

Тақпаушы едім сыйласқан кісіге мін,
Ыңғайсыздау бір түрлі пішіндемін.
Тура қарап, бауырым, дұрыс айтшы,
Тәлкегіңді мен сенің түсінбедім!

ҚЫЗҒАНЫШ

Қызғана қалсам мұңайып,
Сағынып қатты сүйгенім.
Кездесіп, қалқам, тұрайық,
Бар болса ойға түйгенің.

Секундтар қойды жылжымай,
Уақыт та өтпей қинады.
Күтудемін бұлжымай,
Көңілге күдік жиналды.

Болғанмен берік махаббат,
Сезімнің жолы жіңішке.
Қызғаныш деген бір апат,
Бүлдіресің тиіспе...

Мезгілсіз сонша күткенге,
Ауырып тұр, құрғыр жүрегім.
Санаңа сенің жеткенде,
Түсінерсің, білемін.

Отырмын сеніп өзіңе,
Келе ғой, күтем, кел айым.
Уыздай әшпақ сезімге,
Дақ түсірме лайым...

БҮГІН САҒАН ЖАНЫМ-АУ, БӨТЕНМІН МЕН

Бүгін саған жаным-ау, бөтенмін мен,
Парызым көп білемін, өтелмеген.
Екі жақта жүрсек те сен екеуміз,
Сені сүйіп бәрібір өтемін мен.

Тек жақсылық болғай деп тілеген ем.
Сағынармын, іздермін жүрегіммен.
Мына шексіз ғаламда өзің бар деп,
Соңғы үмітім сөнгенше жүремін мен.

Есіңе алып, бірақ сен оралмадың,
Қызғаныштан жол таппай домаладым.
Зарың қалды қимастық қоштасарда,
Жаныма сап өмірдің зобалаңын.

Тұл бойымда жанар тау атқылайды,
Шат көңілді өшпестей басты қайғы.
Саған деген махаббат, ынтық сезім,
Құштар көңіл сонда да сарқылмайды!

МЕН САҒЫНДЫМ

Қайда жүрсің хабарласпай, сырласпай,
Бұрынғыдай еркелемей, сыр ашпай.
Сағыныштан сорлап қалды-ау жүрегім,
Басылар ма құшақтаспай, қыр аспай.

Бір сөз айтсам түсінерсің қисынды,
Мен сағындым жұпарланған иісінді.
Мен сағындым еркелеген кезінді,
Жаным деген балдан тәтті сөзінді...

ШИПАГЕРГЕ ҚЫЗҒАНУ

(Әзіл)

Басыңды көтер, жаным-ау, жатпай қамығып,
Дәрігер мырза, жарымның сен де жанын ұқ.
Бақ қонса егер күйкентай құстың басына,
Қызмет етіп, бас иіп тұрар Самұрық!

Бас идім саған, дәрігер мырза, өзіңе,
Айтайын бірақ әзіл де болса көзіңе.
Сипалай бермей қолыңды тартшы сәл ғана,
Қобалжып тұрмын, сенсем де сенің сөзіңе...

ҚОЛ ҰСТАСЫП БІР ЖҮРГЕН КҮНДЕРДІ ОЙЛАП...

Денсаулықта жүргеннің бір күні артық,
Жүруші едік көңіл тоқ, шалқып-тасып.
Жанға батқан мына бір дертпен бірге,
Қара суық күз кірді сұрғылт тартып.

Білесің ғой жүректің түйрегенін,
Аяқ басып қинады-ау жүрмегенін.
Қол ұстасып бір жүрген күндерді ойлап,
Сағыныштан мүсәпір күйге енемін....

* * *

Бізді бөлген төрт қабырға, бір есік,
Дұшпан көздер сығалаған бірлесіп.
Сәби болсақ салып беріп бір төсек,
Тербетсе ғой екеумізді бір бесік!
Күте берем, әлі-ақ дерттен айығып,
Күндер туар, отыратын сыр кешіп....

ШАРИПАКУЛ ҚҰДАҒИҒА

Биязы үнің өңіңе айдай жарасқан,
Күн нұрын төксін аялап сізді ақ аспан.
Жүз жаса деймін, мәртебең болып жоғары,
Бәйбіше болшы өзгеден артық бағы асқан.

Көздерің жайнап, екі ұшы беттің қызарған,
Достарың түгел, ұл беріп, бірі қыз алған.
Кеудеміз толы сағыныш пенен қуаныш,
Жүректе жанып жатыр ғой әне жүз арман.

Ақ жүзің сенің алтындай бүгін жайнаған,
Төрде отыр құда, абысын менен қайнағаң.
Балалар жатса құрметпен құсын қондырып,
Келіндер тасып жатыр ғой шәйін қайнаған.

Сіздікі бүгін үйдегі анау төр деген,
Қызыққа батшы көп күтіп, аңсап көрмеген.
Су жұтып шөпшек, шөберелердің қолынан,
Бақытқа жетіп, басылсын мауқың шөлдеген!

АҚЫЛ

Нелер кетіп, не кетпес,
Әр пенденің басына.
Өз-өзіне берік бол,
Жылама да, жасыма.
Қиын-қыстау күн болса,
Достарың бар қасыңда.

Адам – адам болар ма,
Қиындыққа төзбесе.
Өтер, кетер қасырет,
Күндер туар өзгеше.

Сары уайым құртады,
Бойыңдағы тірлікті.
Сеніп қара өмірге,
Деген екен бір мықты.

Сол мықтының бірі – мен,
Тұрмын, міне, жаныңда.
Мықтап ұста қолымнан,
Жетем десең бағыңа!

САҒЫНЫШ

Естілместей болады сөзім сынық,
Пәк жүрегім соғады төзімсініп.
Кездесуді сағынып көп күтемін,
Еміреніп, сүйсініп, өзімсініп.

Нұр жауғандай болады тұл бойыңа,
Мен бар жерде, досым-ау, сен мойыма.
Сүйіп-сүйіп алайын қаз мойныңнан,
Содан кейін алып кет, жүр қойныңа.

Көп қараймын таулардың шатқалына,
Арайлы таң мен үшін атқаны ма?
Кездескенде шертейін сырларымды,
Сырлы сандық секілді ақтарыла.

ӨБЕНІМ МЕНІҢ

Өбенім менің, Өбенім,
Жолығып қашан көремін?
Құлазып тұрған жүрекке,
Керек боп қалды-ау көмегің.

Өбенім менің, Өбенім,
Жазылмай қалған өлеңім.
Сағынды жүрек, сағынды,
Аймалап қашан өбемін?

Өбенім менің, Өбенім,
Зарымды саған төгемін.
Өлшей алмай отырмын,
Ғашықтықтың көлемін.

Өбенім менің, Өбенім,
Өзіңді қалай сөгемін?
Қиналып жеткен шағымда,
Құшағыңды ашқан сен едің.

Өбенім менің, Өбенім,
Биігі сенсің төбемнің.
Мөлдірі өзің суымның,
Ғашығымсың, о менің !

«НҰР-ОТАН» АРУЛАРЫНА!

Жазира көктемнің гүлдері-ай,
Жайнаған «Тұранның» залында.
Ішінде Жанна мен Гүлнар бар,
Сайраған сандуғаш бағында.

Әсем ғой таралған шаштары,
Тамаша қиылған қастары.
Қарасаң бірінен-бірі өтеді,
Арулар, «Нұр-Отан» жастары!

Күлкісі бұлардың базына,
Көңілі таусылмас қазына.
Ертеңге шыдамай көргенше,
Келемін кешкілік тағы да.

СЕЗІМ

Көз әйнектің астынан сен қарайсың,
Нені күтіп, нені жаным қалайсың ?!
Әлдеқалай өте беріп қасымнан,
Көк көйлектің етегімен жанайсың.

Қаным ойнап тұла бойда, зердемде,
Мен де сені қуанамын көргенде,
Бұл бақыттан мына жарық дүние,
Айырар тек екеумізді өлгенде....

КӨҢІЛ

Көңіл кірі кетпейді жуғанменен,
Бақыт өзі қонбайды туғанменен.
Махаббаттың мекені жүрек болар,
Арман шіркін жеткізбес қуғанменен.

Күндер өтіп барады кезекпенен,
Көре алмаса қос жүрек безектеген.
Балаларға болашақ, бақыт тілеп,
Алпауыттың тізгінін тежеп келем.

САҒЫНЫП МЕНІ ЖҮРМІСІҢ?

Арайлап тандар атқанда,
Қызарып күндер батқанда.
Сағынып мені жүрмісің,
Жайғасып ел-жұрт жатқанда.

Оңаша жалғыз қалғанда,
Мұңайып төсек салғанда.
Сағынып мені жүрмісің,
Жүрегің толып арманға!

Алма ағаш гүлдеп жатқанда,
Сылдырап бұлақ аққанда.
Сағынып мені жүрмісің,
Қыр бетін гүлдер жапқанда.

Ескі өмір ойға келгенде,
Жүгірген жұртты көргенде.
Сағынып мені жүрсің бе,
Көңілің болып шерменде.

Қараймын алыс шатқалға,
Жаңадан жауған ақ қарға.
Сағындым мен де өзіңді,
Сен жоқта маған бақ бар ма?

САҒЫНҒАНДА

Кей күндері қалады таңым атпай,
Сені күтіп, сағынып, дамыл таппай.
Қайран жүрек баса алмас сыздағанын,
Өзіңменен сәулем-ау бірге жатпай.

Аңсадым ғой иісінді жұпарланған,
Бос тұрғандай өзіңсіз мына жалған.
Сүйіп, сүйіп алар ма ем құштарлана,
Көздеріңнен сағыныш тұна қалған.

Перизаты ғажайып бастаманың,
Қайда сенің бал ерін, ақ тамағың?
Мені көрсең жадырап шаттанатын,
Жайнайтұғын жымыңдап қас-қабағың?!

Мен жұтатын ып-ыстық демің қайда?!
Сағыныштан сарқылды төзім бойда.
Көп күттірмей, тезірек келіп кетші,
Құмардан бір шығайын осындайда.

НЕ ДЕЙСІҢ?

Сүйіп, сүйіп алып кетсем не дейсің,
Сағыныштан жанып кетсем не дейсің?!
Есеңгіреп, есім кетіп, аймалап,
Ақ төсінді мамық етсем не дейсің?!

Ертерек жаным, тезірек неге келмейсің,
Халімді мына, жайымды неге көрмейсің?!
Сағынып жүріп, жаным-ау сені осылай,
Дертіңнен сенің өртеніп кетсем не дейсің?!

ШЫНЫҚҰЛ ДӘУЛЕТОВКЕ

Жүретін ағам сайланып,
Төсекте отыр байланып.
Махаббат жәйін шертсеңіз,
Тыңдайын мен де жайланып.

Сағыныш иісі аңқып тұр,
Махаббат иірімдерінен.
Қабысып жатыр әр сөзің,
Хаямның ілімдерімен.

Сәулешке барар аяқ жоқ,
Жүректе жанған ыстық от.
Халіңді Шаке, түсіндім,
Кетіпсің Омар Хаям боп!

Еске алсаң ескі аяңды,
Жануға жүрек таянды.
Өз сырыңды айта бер,
Кейіпкер қылып Хаямды.

Жасыма, Шәке, жасыма,
Жеңгемнің таян қасына.
Нелер келіп, не кетпес,
Ер жігіттің басына!

СӨЗ ҚОЗҒАСАМ ЖӘЙРЕМ ДЕГЕН ШАҺАРДАН

(Жолтай Қайырбековке)

Садық атты ағамыздан бата алған,
Сол батамен қалған жоқсың қатардан.
Өндірісті бірге барып көтердің,
Сөз қозғасам Жәйрем деген шаһардан.

Жастық шақта тай-құлындай тебістік,
Бірге жүрдік, сан арманға берістік.
Қиялына түсіп кетсек өмірдің,
Әлемдегі жетпеуші еді кеңістік.

Жамал апам Білеутіден әкелген,
Керегінді сұрамай-ақ әперген.
Мынау «аппақ» жиеніңіз осы деп,
Таныстырды нағашың деп менімен.

Содан бері өтті, кетті сан жылдар,
Жүрген ізің түп-тура жол, даңғылдар.
Наурызбайдың тоғызы сен болғанмен,
Асат бабам бойға сіңген қаны бар.

Дос-жиенім ақ батамды қабылда,
Жақсылықпен ғасыр жасап, дамылда.
Өркендесін бала-шаға, достарың,
Ілгері жүр, дос-жаранның алдында!

ЖІГІТСІҢ ЕЛІМ ДЕГЕН, ЖЕРІМ ДЕГЕН

(Рахымжан Айтхожаевқа)

Бұл жігіт өзгелерден жақын маған,
Тот баспас саф алтындай жарқылдаған.
Елуге келіп қапты ойнап-күліп,
Жүргенде алтын уақыт сартылдаған.

Бұл өзі өзгелерден артық маған,
Айтуға әзіл-оспақ тартынбаған.
Мерекең құтты болсын, айналайын,
Ұнайды кісіліксіз салтың маған!

Кетпейді есімізден көктем-күлкің,
Сағынар бізбен бірге қайын жұртың.
Жүз жасап құдашамен жүре берші,
Ішінде қуанышты ел мен жұртың.

Жеріне Сарыарқаның ат ерттеген,
Әкеңдей жер қыртысын көп зерттеген.
Ел деген, жерім деген жігітсің ғой,
Бақ қонсын басыңызға дәулетпенен !

КІШТАУ АЯСЫНДА*(Өзденбайға)*

*Тау тұлғалар ұрнағы Өзденбайым,
Кішітауда өзіңменен тұрғандаймын.*

Бірге өстік аға-інідей сырласып,
Еске алып тұлғаларды, мұңдасып.
Таза ауа, таң самалы желпиді,
Аққу-қаздар өзен-көлде шуласып.

Қуанамыз көрген сайын баладай,
Дархан көңіл шалқып жатқан даладай.
Туған жердің жұпар иісі аңқиды
Құлпырады бар тіршілік жағалай...

Сылдырайды мөлдір бұлақ сулары
Көтеріліп айдын көлдің булары.
Таңғы шықтар мөлдірейді тап-таза,
Басылмайды әнші құстар думаны.

Құжаттағы жетпіс жасқа қарамай,
Жетідегі жеткіншек бір баладай.
Еркелеп бір мойыныма асылшы,
Кіп-кішкентай, еркетотай – Өзденбай!
Сағынышпен сүйіп-сүйіп алайын,
Ақшыл тартқан самайыңа қарамай!

Бақытты өмір бесігінде тербеліп,
Туған өлке аясында ер жетіп,
Мен үшін сен әлі жап-жас баласың
Таң қалғанмен әр ісіңе Алашың!
Басқарғанмен еліміздің төрінен
Атышулы энергетик саласын!

Бабаларым туып-өскен атырап,
Келген сайын қарсы алады жадырап.
Ақ қайың мен сұлу терек сыбдырлап,
Еске түсер балғын өмір, жастық шақ

Отырамыз әсем билеп, тамсанып,
Туған өлке аясында ән салып.
Құтты болсын сен туған күн, бауырым
Аман болсын туып-өскен ауылым!

Туылған күн көп жаңалық әкелді,
Ұлытауға облыс атын әперді.
Барыс жылы, ризамыз біз саған.
Тірілткендей шешемізді, әкемді.

Бабыр бидің аруағы қолдасын,
Бұл өмірде еш жамандық болмасын,
Ұлытаудай биік болсын мәртебең
Аман болсын Ағайшадай жолдасың!

ҚАДІРМЕНДІ ӘЖІБЕК ҚҰДАҒА ҚҰРМЕТ

Өткізген бастан дүр заман,
Ағайын, ел-жұрт жүр аман.
Сәулетті күндер, дәулетті,
Басынан кешті бұл заман.

Ішінде жүрдің ұлы істің,
Өңірді бірге құрыстың.
Атағың көпке танылып,
Мақтаны болдың Ұлыстың.

Тұрғанда өзің тұғырда,
Бойыңда қуат, қайратың.
Шығушы еді-ау шұғыла
Жезқазған жақтан жайнап күн!

Қалсақ та сиреп бұл күнде,
Көз көрген жандар азайып,
Еске алмау, сірә, мүмкін бе,
Күндерді сонау ғажайып.

Ұрпағың бәрі жиналды,
Ағайын-туыс түп-түгел.
Қол соғып бәрің құрмет қып,
Ал, халқым, кәне, түрегел!

КӨШ БАСЫНДА КЕЛЕСІҢ

(Бейбіт Камараддинұлына)

Құтты болсын қырық жас,
Қамал алар арланым.
Жалғап жүрсің мүлтіксіз,
Ерден, Дүзен арманын.

Қанша қиын болса да,
Жөнін біліп жұмыстың.
Көш басында келесің,
Ұйытқысы боп ұлы істің.

Тойға келген көп қауым,
Көңілде бірлік – мереке.
Жаратқан Алла, Ұлытауым,
Елімде болсын береке!

Қосағыңмен қоса ағар,
Ғасырға жетсін өмірің.
Басылмасын, алға тарт
Қуанышы көңілдің!

ЖАЗА БЕР, АҚЫН ІНІМ, ЖЫРДАН ДАСТАН

Несі бар, інілерім жолды қуса,
Жырлайтын кеншілерді ақын туса.
Сыр- қырын есіңе алып зор бейнетің,
Жырлай бер жезді өлкемді, ақын Мұса.

Кәкімбек, Садық, Иран, Шынболаттай,
Алға тарт шашаңызға шаң жолатпай.
Дүбірің жер астында кен қопарған,
Көріңсін жер бетінде жанған оттай!

Демендер шығады деп ақын қайдан,
Қызғанда өндірісте еңбек майдан.
Үш батыр шыққан анау Оңтүстіктен²,
Төсінде жұлдыздары жарқыраған!

Тамшылап адал еңбек, маңдай терің,
Ішінде бірге жүрдің тамам ердің.
Қаһарман кеншілердің ізін басып,
Танылып сен де ақын боп шыға келдің.

Дейді ғой өнер-жастан, асыл-тастан,
Жұбаттың жырларыңмен жалын шашқан.
Айырылып Шынболаттан қалғанымда,
Сен болдың шын досымның орнын басқан!

Өріліп өлең мен жыр, дастандарың,
Әрдайым орындалсын басты арманың,
Елің мен халқың сүйген ақын болып,
Биіктен биіктерге ас, қарағым !

* * *

Шынболат кетіп өмірден,
Қабырғамыз сөгілген.
Жабырқап жаным жүргенде,
Жырларың, Мұса, төгілген.

Серілер салтын сақтаған,
Шынболат ақын баптаған.
Сен өлең оқып тұрғанда,
Қол соғып мен де мақтанам!

* * *

Кемелдігі ойының,
Шамасындай бойының.
Жат қылықты көргенде,
Қарсы соғар сойылын.

Бұл маңайда той болса,
Сәні болар тойыңның.
Жақсылыққа жақ болып,
Созып тұрар мойының.

Жеті өнер де аз дейді,
Шек бола ма дарында.
Шахтада да үнемі,
Жүлдегерлер алдында.

* * *

Кенші, ақын, айналайын Мұса інім,
Жырлаумен кеншілерді өтсін күнің.
Сезім мен бақыт сыйлап көңілдерге,
Халқыңның жүрегіне жетсін жырың!

**АЛ, ЖАРЫСЫМ,
АҚ АЛМАСТАЙ ЖАРҚЫЛДА!***(Жарыс Хамитұлына)*

Бір ұлыстың ұрпағысын, Алаштың,
Жас кезінде талабыңмен санастым.
Шәкірт едің шахтамызда зейінді,
Маман болып, инженер болып әрі астың.

Еңбегімді бұлжытпай-ақ ақтадың,
Мінезіңмен кейбіреуге жақпадың.
Жұрт не десе, айта берсін, мен өзім,
Сенің жеткен биігіңе мақтандым.

Забойлар мен лаваларда жел ескен,
Биік-биік көріне бер белестен.
Тонналаған кен беруде топ бастап,
Жан қалмасын бір өзіңмен теңескен!

Ал, Жарысым, ұмтыл тағы тартынба!
Сәтті істер тілеп отыр халқың да.
Абыройын биік ұстап кеншінің,
Үлгі болып, ақ алмастай жарқылда!

СЫЙЛАСУДЫҢ ТҮРІН-АЙ!

(Жолтайға)

Бұл көйлек «Нағашылап» келіп еді,
Жиеннің ең тәуірі беріп еді.
Қарасам бір ақ тұтам бір нәрсе екен,
Сыйлаған Наурызбайдың «Серілері!»

Қалайша қиып берген көзі көріп,
Келінге мазақ болдым тірі өлік.
Мен түгіл, балаға да сыймайды екен,
Тұрғам жоқ сені сынап, текке сөгіп.

Көз тіктім осы өмірдің асқарына,
Тіледім бар жақсылық бастарыңа.
Ұятқа шыдай алмай жазып тұрмын,
Тап болып ел көрмеген масқараға!

Жүргенмен ащы өмірдің азабында,
Сый-құрмет жетер маған қазағымда.
Киесі бабалардың мазалап тұр,
Көнбе деп жиендердің мазағына!

АСЫЛДЫҢ ТОЙЫ*(Таныстыру)*

*Бақ қонған Қыдырбекке қыдыр дарып,
Ішінен Орта жүздің шыққан жарып.
Ақтазда одан асқан бай болған жоқ,
Көрсеніз сол кезеңге назар салып
Автор.*

Арғы атамыз – Қыдырбек,
Кішітауды жайлаған.
Он тоғыз мың жылқыны,
Үйір-үйір айдаған,
Жазда жайлау ел үшін,
Есіл бойын сайлаған.

Кәдір – Сәдір бабамыз,
Бұлбұл құстай сайраған.
Одан туған Асаттан:
Сауқым менен Уызбай,
Қасым менен Үншібай.
Күйеу бала таңдаған,
Асат – Масат ауылы.
Басылмайтын күні-түн,
Ойыны мен сауығы.

Мынау Садақ – бас құдан,
Үншібайдың тегінен.
Біләл – үлкен ағамыз,
Немерелес менімен.

Асылға – Асыл қосылса,
Жарқырайды Гауһардай.
Шешіліп бір сөйлесем,
Жыр туындар жауһардай.

Осы тойды көре алмай,
Ерте кетті Ерекең.
Ерекеңді көргенде,
Кіруші еді берекем.

Орыспен де дос болды,
Шүршітпен де дос болды.
Ата жауым батыста,
Неміспен де дос болды!

Ерекеңді атасам,
Көңіл шіркін хош болды.
Биік еді шоқтығы,
Өсіп-өніп ұрпағы,
Ағайынға ес болды!

Текті жерден қыз алсаң,
Киелі болар қосағың.
Бақыт қонып басыңа,
Маздай берер ошағың.

Мен – Яхия, – біліп қой,
Балалардың атасы.
Қабыл болсын туғандар,
Үлкендердің батасы!

АРСЫЗДАРҒА!

Кей арсыздар кешегі ағалаған,
Сая іздеп, жәй тауып паналаған.
Күні үшін ағасын ағаламай,
Кісі ағасын бүгінде жағалаған.

Жағымпаздар, жауыздар табалаған,
Төбет иттей құйрығын сабалаған.
Арамзалар, тұрақсыз, ұятсыздар,
Жүрегімді солар ғой жаралаған.

Жақсылықты білмейтін надандарым,
Жетпейді ғой айтқанмен саған зарым.
Сөзім шығын болмасын сұмырайға,
Аман болсын, ақ жүрек адамдарым.

Айналайын, ақ жүрек адамдарым,
Құтты болсын ойға алған қадамдарың.
Бақыт берсін, бақ берсін таусылмастай,
Мені сүйген тілектес жарандарым!

«ДӘУ ҚҰДАҒА»

Елге келдім қиғызған кіндігімді,
Айқара ашып «Дәу құда» түндігінді.
Шыға келдің, құдағи маймаң басып,
Бетке шайқап, қолға ұстап сідігінді.

Амандық жоқ, саулық жоқ тым-тырыста,
Қозғалыста тек қана бір құмырсқа.
Ішпей, жемей не жаздық, қайран құда?
Масқарадай не болды бұл жұмыста?

Қабаған иттей тыржиған,
Түрлеріңнен шошыдым.
Елім бар деп келгенде,
Дұрыс па, құда, осының?

Естігің келсе құлақ сал,
Жоғалтып жүрген балаңды,
Мен сипаттап берейін,
Уландырмай сананды.

Жұмысты тастап керексіз,
Кетіп жүрді дерексіз,
Төрт ай бойы дал болдық,
Енді не қыл демексіз?

Сол төрт айдың ішінде 18 күн жұмыста,
Қалған күні прогул, осылары дұрыс па?
Өкпелеме құр маған, екпінді бас тулаған,
Қызынды құда тыйып ал, үкіметті ұрлаған.

Ежірейтпе көзіңді, мендей-ақ болар төзімді,
Барлық күнін өткіздім, тастамай құда сөзіңді.
Тасыма, құда, тасыма, сөз айтамын ашына,
Сендей әке тұрғанда, не жетпейді басына?!

Ештеңем менің кетпейді,
Кіркесем де үйіңе.
Достыққа баға жетпейді,
Сен түсерсің күйіңе.

Бұл жерде сөзден ұтылдың,
Құр босқа, құда, құтырдың.
Анығын білмей өтпеші,
Түбіне түсіп шұңқырдың.

Қолда дәурен барында,
Өзің кеп, құда, жармастың.
Сыйласы жоқ жандарға,
Мен-дағы, құда, бармаспын.

Келемін шалқып еліме,
Керек болса соны біл.
Үйіңнен, құда, қуғанмен,
Таулардан қуа алмассың!

Жекпе-жекке келгенде,
Қарсыласқан жау қалар.
Шайтан-шабан от салса,
Өшірілместей дау қалар.

Кіргізбесең үйіңе,
Кіндік кесіп, кір жуған.
Атамекен біз туған,
Серек пен Кішітау қалар.

Шалқыма, құда, шалқыма,
Көн созса барар қалпына.
Мың рақмет айтамын.
Қарсы алған сүйіп халқыма.

Елімде бар ғой естілер,
Бергенін тізіп жатпайтын.
Жаманға ақыл кеш кірер,
Сыртыңнан шоқпар саптайтын.

Сынаса елдің елдігін,
Әйел келін қас дұшпан.
Күйеу, жиен – бас дұшпан,
Осыларды білмеген,
Ел адамы нас дұшпан.

Құдай әмір бергенде,
Бітімәлі жоқ болды.
Елім-ай деп келгенде,
Бас құдамыз «боқ» болды.

Елімнің асыл ұлдары,
Ата көріп оқ жонған.
Елімнің ару қыздары,
Шеше көріп тон пішкен.

Тәрбиені көп көрген,
Талай қызық өткерген.
Ауылдың асыл жастары,
Ұйымшыл екен бастары.
Таба қылмай дұшпанға,
Қол ұшын берді ұстарға.

Шәкірат пен Қамзахан,
Ағаңнан астың Мырзахан.
Түсінік, түйсік мол екен,
Отыңды жақтың маздаған.

Сендерге арнап отырмын,
Жырларымды жазбаған.
Көңілдерің жайнасын,
Қазынадай қазбаған.

ИТТЕР

Бульдог ит жатыр бұлқынып,
Шәуілдеп қәнден қылқынып.
Сары төбет шықты құтырып,
Байтөбет отыр жұлқынып.

Қамығып досым тұрмысың,
Иттермен болып жұмысың.
Ит жайлаған ортада,
Істеген ісің құрысын.

Үсті-басы биттеген,
Иттігін істер ит деген.
Оларды келіп қолдайды,
Комбинаттан «ит жеген».

Сағынып сәлем жолдайын,
Өзіңді жаным қолдаймын.
Дұрыстап істеп жұмысты,
Итпенен ит болмайын!

БІРЕУГЕ

Өмір өтіп барады,
Кейде құлап, бір тұрып.
Күндер өтіп барады,
Кейде жылап, бір күліп.

Мұңайғым әсте келмейді,
Қинағанмен тіршілік.
Жаманды көрсем болғаны,
Кетеді жаным түршігіп.

Тыңдаймын әр кез сауалын,
Болмаған соң амалым.
Көк мылжың сайрай бастаса,
Есікті сырттан жабамын.

Көңілден шықпай көргенім,
Тірідей талай өлгенмін.
Ақиқаттың жолына,
Тисе деп жүріп көмегім.

Қарасам түрі ызғарлы,
Мұз болып күні батқандай.
Жер жаһанды бір өзі,
Жалғыз билеп жатқандай.

«Күрескер» бопты кезінде,
Атағы тауды жарғандай.
«Теңдесі жоқ кемеңгер»,
Тас қамалды алғандай.

Жұмысында кәсіби,
Нәтиже тауып көрмеген.
Қабылетсіз нәсілі,
Алысқа құлаш сермеген.

Әр ісін сәтсіз аяқтап,
Жабады жала басқаға.
Көрінгенді таяқтап,
Терісін алар таспаға.

Бүгіндері сөйлетсең,
Орын бермес мінбеден.
Өр көкірек. менменшіл,
Айтатыны «Мен» тек «мен»!

Қалтырайды қолдары,
Діріл қағып еріні.
Түйіскенмен жолдары,
Келмейді көргім періні.

ТАЗҒА, АҚЫЛЫ АЗҒА

Білгірсініп, білімсініп құлаштай,
Тарт қолыңды жанымнан, ластамай.
Көлбақадай тырбиған бір-ақ тұтам,
Бас орнына қылқиған құлақ, самай.

Жоғалт, анау көзінді бажырайған,
Жылтыраған түймедей, тасырайған.
Қолыңды әкет, дірілдеп, қалтырамай,
Басыңды тарт, айнадай жалтыраған.

Ал сен, жаным, қорықпа, мен тұрғанда,
Қанден иттер үреді жел тұрғанда.
Бұралқы ит күпсінер тояттанып,
Өзін-өзі көтерер кем тұрғанда.

БАС ДИСПЕТЧЕРГЕ

Бас диспетчер – Марғиза,
Ақыл айтқан бар қызға.
«Көңіліңнің пернесін»,
Басқа жанға алғызба.

Аспандағы күндейсің,
Мәртебеңіз үлкейсін.
Немере, бала ер жетіп,
Бақытты болып жүргейсің!

Мәпеледің ұл мен қыз,
Жетеледің өмірге.
Аз да болса жасап жүз,
Болып жүрші көңілді!

Қуаныш билеп өзінді,
Жетелесін арманың.
Өмірде бақыт тілеймін,
Басқалар айтсын қалғанын!

ЖҰМЫСТАҒЫ ҚАРЫНДАСҚА

Анталаған тұс-тұсыңнан бар халық,
Бу сұраған, су сұраған зар қағып.
Шығарасың май тамызып тілінмен,
Бермесен де ебін тауып бал жағып.

Сандалғанмен водоводка су келмей,
Бес күн бойы сол халыққа су бермей.
Қиналса да сені мақтап барады,
Жауабыңа риза болып түгелдей.

Бар жағдайға сенен алып түсінік,
Байқағандай тал бойынан кішілік.
Су ішпей-ақ халқың отыр жадырап,
Су бергеннен артық сені түсініп.

Тұрғындарды шығарып сап біртіндеп,
Мамандарға бұрыласың дікілдеп.
Бәрін қуып котельныйға тығасың,
Су жеткенше маза бермей зіркілдеп.

Зіркіліңе шыдай берсін қашанғы,
Сені көрсе шофер біткен қашады,
Келмегендер мезгілінде жұмысқа,
Естен танып, есік таппай сасады.

Үй ішіне шуақ шашып көзінен,
Ұл-қызым деп ет жүрегі езілген.
Қайран менің қарындасым ғажайып,
Жұмыста да мақтанамын өзіңмен!

ІНІЛЕРІМЕ

Қанат інім бастаған,
Арман інім қостаған.
Сәулеттеніп келеді,
Сәтбаев пен Жезқалам.

Скверлер, алаңдар.
Қарттар, жастар, балалар,
Дем алып жүр қалада,
Масайраған адамдар.

СУ ЖЕТПЕГЕНДЕГІ ОЙ

Жетпіс бес жыл халықтың,
Қарғысына қалыппын.
Су таба алмай ішетін,
Шаршадым да жалықтым.

Ойланамын, налимын,
Енді қайтіп жаримын?!
Жаутаң, жаутаң қараймын,
Төбесіне ақ үйдін.

Су жетпесе ұрсады,
Үйімдегі келінім.
Сералыдай сері інім,
Кеңгірбайдай керімім.

Қайта-қайта жүгіріп,
Бәрінен де жерідім.
Николай ұлы Малышев,
Жатқан жоқ ол да қалысып.
Су жетпесе бір үйде,
Жатамыз біз де қағысып.

Тізбектелген тырнадай,
Қаңқылдайды халқымыз.
Күн өткен сайын ескіріп,
Түсіп барады нарқымыз.

Бесті айғырдай керіліп,
Қабылда деген ініміз.
Жұмысқа жүр ғой беріліп,
Оны да жұртым біліңіз.

Шауып жүр ғой томпылдап,
Екатерина, Лидалар.
Халқым отыр қоңқылдап,
Шықпа, жаным, шықпалап.

Басым дауға ілікті,
Су таба алмай бір тамшы.
Әбден шіріп бітіпті,
Жер астының тұрбасы...

БОЗТАЙҒА

Бозеке-ай, аман болшы, қарашығым,
Подвалың толып кеткен қара шыбын.
Боқ-сідік өтпей жатыр мынау үйден,
Сасытып Сатпаевтың қалашығын.

КЕЙБІР АҒАЙЛАРҒА

Кей сарбаздар кеудесіне нан пісіп,
Отырады маңғазданып, қан құсып.
Құрдан бетер жорғалайды кей шақта,
Жағымпаздық жолдарына сан түсіп.

Менсінер ме мұндай сасық, пасықтар,
Менмендіктің «кәусарына» ғашықтар.
Нанша илеп жібермекші мас болса,
Дәрежеге сатып алған машықтар.

Сыртыңнан да, ішіңнен де даттайды,
Ілік іздеп қалғымайды, жатпайды.
Әлі келсе өзеуреген мәубастар,
Ақырында табанға сап таптайды.

Соның бірі – тәуір деген ағамыз,
Атағы зор, дәрежелі «данамыз».
Ит өмірі «қызғаншақтың» даурығып,
Қайран аға, қайда кетіп барамыз?

Кей ағайлар кең далаға сыймайды,
Құрсағы мен қу құлқынын жырлайды.
Кей ағайлар столының шетін де,
Кісімсініп отыруға да қимайды.

Асып кетсең көре алмайтын ағамыз,
Қалып қойса, қол созбайтын ағамыз.
Халық үшін осы күні сіздердің,
Бес тиындық болып қалды-ау бағаңыз...

ҚИСЫҚОВҚА

Бастықтардың алдында,
Майшының ол қалағы.
Басекеңдер ым қатса,
К...н оның жалайды.

Зыр қағады, жатпайды,
Басқаларды даттайды,
Өзгеге үн қатпайды.
Жақсы ісің жақпайды,
Өз жаманын мақтайды.

Бұл – белгілі жағымпаз,
Алаяқтың дәл өзі.
Сасық, пасық, подхалим,
Күн көрудің әлегі.

Қарға болып туғанмен,
Талтаңдайды қаз болып.
Шалқаңдайды қу пысық,
Өз ісіне мәз болып.

Шын бейнесін бүркелеп,
Жасырынбақ ойнайды.
Өтірігін төпелеп,
Жұртты алдауын қоймайды.

Елге сенің керек пе?
Өп-өтірік күлгенің.
Дұрыс болар шамасы,
Алысырақ жүргенің.

КӨҢІЛ ТАМШЫЛАРЫ

Өмір өтіп барады,
Кейде құлап, бір тұрып.
Күндер өтіп барады,
Кейде жылап, бір күліп.

* * *

Мұнайғым менің келмейді,
Қинағанмен тіршілік.
Жаманды көрсем болғаны,
Кетеді жаным түршігіп.

* * *

Көп болғанмен көргенім,
Тірі боп жүріп өлгенмін.
Нашарды демеу – әдетім,
Тисе деп менің көмегім.

* * *

Қорқаудың түссең қолына,
Жылдам кет, үнсіз түк демей.
Қарсы шықсаң болғаны,
Шайнамай жұтар бүктемей.

* * *

Құр бекерге болар ма өкпелеген,
Кісі арын бабамыз төкпе деген.
Кейбіреудің құр беті жылтырайды,
Хром етік секілді шөткелеген.

* * *

Кейбіреуді жаратқан жарым қылып,
Кейбіреуге жарасар дарындылық.
Кейбіреулер меңіреу болғаныммен,
Кейбіреулер тұрады бәрін біліп.

* * *

Ірілерді заман ба майда еткен?
Тектілер де сырғыды-ау алғы шептен.
Ел бірлігін ойлайтын данышпандар,
Ұлы жүрек адамдар қайда кеткен?!

* * *

Жақсы адам көрсем шаттана,
Жадырап кетем тоқтамай.
От болып жанған жұмыста,
Күл болып кету оп-оңай.

* * *

Жағдай да болар күтпеген,
Жұмысын атқар жүктеген.
Жала жауып жүрмесін,
Піл шығарып нүктеден.

* * *

Жауларым шықса автоматпен атқылап,
Қылышпен турап кетсе де мені шапқылап.
Зеңбірек пен танкілер маған түк емес,
Тиеді маған қазақтың сөзі қаттырақ!

* * *

Тыңдасан, айтып көрсін ағаң толғам,
Өмірді саралашы етіп болжам.
Бала мен отбасының бақыты үшін,
Таймашы, айналайын, салған жолдан!

* * *

Бұл өмірге шамасы қанық атым,
Кездерім көп жаситын, қамығатын.
Көп жолдастың ішінде, қиындықта,
Достар аз ауызға су тамызатын...

* * *

Ойсызға өмір бәрібір,
Өтеді де кетеді.
Кемедегінің жаны бір,
Достыққа не жетеді?!

* * *

Тайтың-түйтің етеді тобырдағы,
Отардағы қойшының соқыр лағы.
Ғажайыбын ұғатын жарық күннің,
Топастардың болмайды ой-арманы.

* * *

Ақ көңіл салдырлаған жаным менің!
Еркелеп, назымды айтар сәнім менің!
Көргенде қуаныштан үзілетін,
Елжіреп иіп кетер тәнім менің!
Қайдасың, қайда жүрсің, жаным менің!?

* * *

Сүйемін сені, сүйгендей шексіз даланы,
Кездеспей қалсам жүрегім менің жаралы.
Таң шолпан болып көрінсең сонау қияқтан,
Еседі сонда махаббат таңның самалы!

* * *

Айналайын бойыңнан, тұмарыңнан,
Жете алмадым арманға, құмарымнан.
Жүрек сыздап барады, жүрек сыздап,
Ақкудаймын айырылған сыңарымнан.

* * *

Тербетейін махаббат бесігінді,
Көп күттірмей білдірші шешімінді.
Алба-жұлба жүректі бүтіндейін,
Жамап-жасқап жыртық пен тесігінді.
Құралайды құтқармас мерген едім,
Жібермейін бұйырған несібемді !

* * *

Шын пейілмен жарыласың ағыңнан,
Кездескенде, кездерінде сағынған.
Бақыт құсым, бойға қуат беретін,
Ұшып кетпе менің мәуе бағымнан.

* * *

Көзімнен кетер емес дара тұлғаң,
Тап-таза нәр суынан жаратылған.
Сезген соң қасиетін, құдыретін,
Жүрегім бір сені іздеп аласұрған.

* * *

Сырласам осыны айтып енді кіммен,
Сұрасам не болады айлы түннен?
Жүректің өзіме айтар лебізі сол,
Өзі бақыт бір жүрген сүйгеніңмен.

* * *

Дәбдіреме мені кенет көргенде,
Жәбірленбе жанға қауіп төнгенде.
Мен сүйемін, сен де сүйші осылай,
Ғашық оты сөнбесін тек өлгенде.

* * *

Япырмай, хабарласпай жатқаның-ай,
Сағынып отырар жер таппадым-ай.
Әлдекімнің тимесін көзі, сөзі!
Пәлеңнен, Ғашығымды сақта Құдай!

* * *

Үрікпе қорқып, қорғаусыз қалған еліктей,
Жаутаңдай берме, бос сөзге еріп желікпей.
Ізгілік сәні, сымбатқа келіп жалғасып,
Қоймайды сірә, жүрегін жігіт ерітпей.

* * *

Сағыныштың ақ гүлі,
Желбіресін жүректе.
Қабыл етші, сүйіктім,
Саған деген тілекті.

* * *

Әр секунд сайын сағыну,
Әр минут сайын сағыну.
Сағыну деген шамасы –
Махаббатқа бағыну,
Сүйгеніңе табыну!

* * *

Күлімдей сені қарсы алдым,
Жұмыстан келер шағында,
Сүйдім деп елге жар салдым,
Тербеліп ләззат бағында!

* * *

Арсыздар көп жүретін араздасып,
Арыз жазып, әр жерге қағаз тасып.
Аққа қара, жақсыға жала жауып,
Бұ жалғаннан баз кешкен жағаласып.

* * *

Асылдардың шектеусіз адалдығы,
Кейбіреудің өлшеусіз арамдығы.
Қатар қойсаң қалайша жарасады,
Түкке тұрмас топастың надандығы...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

СЫРЫМДЫ МЕНІҢ КІМ ҰҒАР?

ТҮНЕРІП, ТӨҢКЕРІЛДІ НҮРЛЫ АСПАНЫМ

Ақылсың, батырсың да, батылсың да,
Жамылып жер көрпесін жатырсың ба?
Демеумен қорғап қалып бөбегінді,
Кенеттен төтеп бердің қатал сынға.

Ажалға қарсы тұрдың басқа салған,
Өзіңмен бірге кетті талай арман.
Жаныңды құрбан еттің Дияр үшін,
Ұрпағын Ильястың сақтап қалған.

Қасырет жоқ болғаның арамызда,
Соңғы ісің аңыз болар қаламызға.
Ер қызым деп айтамын барша жұртқа,
Ұзақ ғұмыр тілейміз балаңызға.

Сыланап жүруші едің еліктердей,
Жоқ болдың бір-ақ сәтте кетіп, келмей.
Нұр бейнең елестесе көз алдыма,
Тамшылар сорғалайды ерік бермей.

Шіркін-ай, адал едің, асыл едің,
Біткенше бізді ойладың соңғы демің.
Күлімдеп қарсы алушы ең барша жанды,
Береке, байлық еді жүрген жерің.

Арайлап атқандайын асқар таңым,
Көл-көсір болушы еді дастарханың.
Береке патшасындай тұрушы едің,
Алдында ата-ене, жолдастардың.

Жол тарттың мәңгілікке қоштаса алмай,
Дос-жаран келіп жатыр бірі қалмай.
Келіп тұр бірге өскен құрдастарың,
Өткізген аз ғұмырдың бір дастанын.

Кешегі қуанышты жарық күндер,
Түнеріп, төңкерілді нұрлы аспаным.

Жиналды қасірет оты өзегіме,
Шыбын жан күйзелсе де, төзеді де.
Диярың жылағанда сені іздеп,
Сыймаймын кең далаға, өз еліме.

Бәрі тар жетіспейді өзің бардай,
Дос еттің көрген жанды бөліп-жармай.
Айырылдым бір-ақ сәтте бар қызықтан
Адамзат түсіне ме, басқа салмай.

Асылын сұраса егер жоғалтты кім,
Есімде ел сыйлаған жомарттығың.
Қайғыдан басқа түскен қайысады,
Мұқалмас мың шапса да «Болаттығым»

Артыңда елің қалды, жерің қалды,
Құдалар шашып жатыр дүние-малды.
Қалайша қиып кеттің, боташым-ай,
Серіктей – өзің сүйген асыл жарды.

Берік бол, асыл менің құдаларым,
Естіген әкесінің ата зарын.
Бақұл бол, айналайын, ару қызым,
Сақтай гөр, ел-жұртымды, Жаратқаным!

* * *

Өлді деуге Индира,
Қалайша сені қиярмын,
Сағынған туған анасын,
Көз жасын көріп Диярдың.
Өмірге қалай сыярмын.
Көз жасы көлдей Диярдың,
Есімді қалай жиярмын?!
Бос қалған мынау өмірге,
Өзіңсіз қалай сыярмын!

Өксіген ауру анаңның,
Хал-жайын көріп тұрғанда,
Көз жасын қалай тиярмын.
Өмір бойы сыйлаған,
Қарындасын қимаған
Боздаған ағаларыңның,
Көз жасын қалай тиярмын,
Қызықсыз қалған өмірде,
Арманда кеткен Индира,
Өмірге қалай сыярмын?

Аман болсын Серігің,
Аман болсын ел-жұртың.
Аман болсын Диярың,
Көз жасын сонда тиярмын.

МАҚТАНЫШЫ ӘКЕНІҢ

Мақтанышы әкенің,
Қуанышы ананың.
Өзгеше бір жаралған,
Аяулы бір жан едің.

Ана болдың ардақты,
Жұмыста аса салмақты.
Бөбегіңді аймалап,
Жүруші едің «қайдалап».

Кіргенде үйді жайнатып,
Қазаныңды қайнатып.
Дастарханды тойлатып,
Көңілге күлкі ойнатып.

Кездерінде бас аман,
Береке, думан жасаған.
Сыңғырлап күліп жүргенде,
Жетті ме ажал тасадан.

Сезгенде сұсын жалғанның,
Селт етпей шешім таңдадың.
Құрбанға шалып өзіңді,
Дидарыңды қорғадың.

Ата-анаң қалды сорлаған,
Көзінен жасы парлаған.
Жеткендей болды үйіңе,
Ақырзаман – тар заман.

* * *

Мүңкір-Нәңкір кел десе,
Солдаттай мен де дайынмын.
Қорықпаймын өлімнен,
Қасқая тұрып қарсы алам.

Алдымнан шығып қарсы алар,
Индира деген балам бар.
Айсары туған анам бар,
Аты мәшһүр әлемге,
Садық деген ағам бар,
Жақыпбек, Біләл данам бар.
Зікір, Нұрлан інім бар,
Тектілерден жаралған.
Сол тектілер қарсы алар:
Саухым менен Уызбай,
Қасым менен Үншібай.
Асат пенен Масатым,
Байбүркіт пен Сүтемген.
Болаттайын атам бар,
Кәдір, Сәдір, Нөгерім.
Қыдырбектей бабам бар,
Наз бәйбіше анам бар.
Беген Қажы – нағашым,
Академик Өмірхан.
Қажмағанбет, Жаркен бар,
Ұлы дүбір ішінде.
Жыр дүлділі атанған,
Шынболаттай досым бар.
Өліп кетсем кенеттен,
Жанына мені қосыңдар!
Қамқоршым еді, айбынды,
Түсінер кім қайғымды?!
Арманда кеткен ботам-ай,
Қаламын қалай жоқтамай.

ЕСКЕ АЛУ

Мөлдір еді кіршіксіз,
Әр адамға көңілің.
Сыйлаушы едің қуаныш,
Қысқа болды-ау өмірің.

Тәнің таза болсын деп,
Сен туғанда асылым.
Шомылатын суды да,
Кішітаудан тасыдым.

Сыңғыр да сылдыр дауысың,
Таудан аққан бұлақтай.
Билеуші едің майысып,
Көлге біткен құрақтай.

Көңілімнің әні едің,
Отырыстың сәні едің.
Жабысқанын қарашы,
Ажал деген пәленің.

Сағыныш естен кетпейді,
Көзімнің жасы кеппейді.
Бұл өмірде мен үшін,
Саған адам жетпейді.

Жайнап бір жүрген жан едің,
Жете алмай кеттің мұратқа.
Бір төмпешік болыпсың,
Қызғалдақ терген қыратта.

Жатырмысың қызым-ау,
Қызғалдақ гүлмен сырласып.
Көктемде гүлдер шыққанда,
Бұрылып келер бір ғашық...

Көңілім менің шерменде,
Қоштаспай кеттің елмен де.
Гүлдерге барып тұрармыз,
Көгілдір көктем келгенде.
Сәлемің сенің бар шығар,
Шығатын әсем гүлдерде...

Мөлшері үлкен қайғының,
Алтыным едің ай-күнім.
Төңкерілді бәрі де:
Жер аспанға ұшқандай,
Аспан жерге түскендей,
Не болады, қай күнім?

Достарыңа қарасам,
Жүргендейсің күлімдеп.
Енді кімге айтамын,
«Айым менен күнім» деп.

Айнымаған мүсіндей,
Еш нәрсеге түсінбей...
Диярың тұр мұнайып.
Көрмегелі қырық күн,
Өңі менен түсіндей.

Жадырап жүрген анасы,
Дүниеден өтіпті.
Сағынып іздеп келгенде,
Топырақ болып кетіпті.

Жезқазғанның қаласы,
Жер астында анасы.
Сағынған туған анасын,
Диярға бір қарашы.

Кіп-кішкентай жүрегі,
Елжірейді езіліп.
Көзінен жасы мөлдірей,
Күйзеледі егіліп.

Қатаймаған санасы,
Сарыауыз қыран баласы.
Өксігенін көргенде,
Шыдамас адам баласы.

Сағындық біз де өзінді,
Мерейлі мөлдір көзінді.
Қасірет оты өртейді,
Болғанменен төзімді.

ДИЯРДЫҢ МҰҢЫ

Өткердім басымнан,
Өмірдің таласын.
Сағындым көзіңді,
Қайдасың, анашым?

Ұстағым келеді,
Саусағың, қолыңнан.
Іздесем сен жоқсың,
Оралам жолымнан.

Дауысыңды сағындым,
Бесік жыр, әніңді.
Сағына беремін,
Бәрін де, бәрін де.

Жаныма батады,
Бір сенің жоқтығың.
Еркелеп жүрер ем,
Биік боп шоқтығым.

Не жаздым, Аллам-ай,
Қаршадай басымнан.
Сағындым анашым,
Табылшы қасымнан!

СЕН АМАН БОЛ, ДИЯРЫМ!

Ауру әйел, өлген қыз,
Қинады жанды өлшеусіз.
Қосылды оған біреулер.
Істерімен көргенсіз.

Көтеріп бақтым өзімше,
Өмірдің ауыр жүктерін.
Жалғыз қалған сорлыдай,
Ешкімнен қайыр күтпедім.

Артыңда қалған бір бұтақ
Көгеріп, өсіп, бүр жарсын.
Сағынған сені кездерде,
Жұбатсын мені жалғасың.

Индира жоқта Диярым –
Боласың менің ұраным.
Сағыныш оты өртесе,
Өзің келіп тұрамын,
Өзің де келіп тұрарсың.

Тілеймін саған бар бақыт,
Өркенің өссін, жиенім.
Жоламасын еш пәле
Басымды саған иемін.

Қолдасын сені жаратқан,
Сақтасын Алла бір өзі,
Азамат болып еліңе,
Мақтаны болшы киелі.

Аруағы қолдап Сәдірдің,
Тәлкегі кетсін тағдырдың.
Ер жүректі ұлан бол,
Арманы болшы Шағырдың.

Аталарың қуансын,
Дос-жарандар нұр алсын!
Көңілің гүлдей жайнасын
Басыңнан бағың таймасын!

ДИЯР СЕРІКҰЛЫНА

Бар сабақтан «бес» алып,
Ерледің Дияр, ерледің.
Отырмын сені еске алып,
Жанғанын көріп еңбегің,
Ер жетіп, ерте терледің.

Бұл өмір сені сынға алды,
Қатаймай жатып бұғанаң.
Анаңнан саған не қалды?
Түсіне білсе бұл ғалам.

Еркелік қалды жайына,
Назданар сәтте сәнімен.
Сәбилік шақпен қоштастың,
Өзіндік әсем әнімен.

Шаттанар анаң болмады-ай,
Бірінші сынып біткенде.
Қызығын кетті көре алмай,
Соншама ұзақ күткенде.

Жатар еді бұл күндер,
Тойларың тойға ұласып.
Батасын беріп үлкендер,
Құдағи-құда шуласып.

ДИЯРДЫҢ САҒЫНЫШЫ

Жастайдан қалдым өзіңнен,
Келемін шыдап төзіммен.
Боялып қанға жатқанда,
Соңғы рет көрдім көзіммен.

Анамнан қалған серігім,
Сені де басты, мені мұң.
Әндетіп кейде қоясың,
Мобильныйым «телигім».

Шақырғандай жан анам,
Қуана жетіп қолға алам.
Сен жоқсың әттең, қайтейін,
Мұңайып қайта толғанам...

Іздеп те көрдім алыстан,
Интернеттен, ғарыштан.
Сағынғанмен, жан анам,
Кезім болмады табысқан.

Көктемім күз боп қалған ба?
Көндігіп келем салғанға...
Ең болмаса бір көру,
Айналды маған арманға.

Түсінер кім бар мұңымды,
Шығармай қатты үнімді.
Сағынған балғын жүрепкен,
Көріп те келем күнімді....

Бір кезде мен де жетермін,
Жігіт те болып кетермін.
Ана деген – құдірет,
Қадірлеп сені өтемін!

ДИЯРҒА

Мұнаймашы, жақындатшы жәудіреген көзінді,
Бір жыр арнап құшақтайын өзінді.
Сағыныштың оты өртеп барады,
Жүрегімді тыңдап көрші төзімді.

Саусағыммен тарақтайын сенің бұйра шашыңды,
Маңдайыма түйістіріп, түйістіріп басымды.
Иіскейін маңдайыңнан, пәк көңілді періштем,
Масаттанып жұтайыншы іштен шыққан деміңді.

Өз баламды бір көргендей болайын,
Тым ертерек алып кеткен Құдайым.
Сен аман бол, ең сүйікті жиенім,
Сағым болған Индираны енді қайдан табайын?

ТУҒАН КҮН

Сен туған күн қалды-ау биыл тойланбай,
Бұл ісіңе не деп айтам ой, Алла-ай?
Сағыныштың ызғары өтіп барады,
Жүрегіме мұз орнатып қойғандай.

Шаттанушы ең хабарласа қалғанда,
Масайраушы ең гүл шоқтарын алғанда.
Мәз болушы ең шын көңілмен қуанып,
Бақытты жан болмаушы еді жалғанда.

Қандай әсем шын көңілмен күлгенің,
Зыр жүгіріп қонақ күтіп жүргенің.
Сағымдалған арман қалды қайтейін,
Аман болып, арамызда жүрмедің.

Еске түссе, бір жадырап қаламын,
Оңашада өксіп жылап аламын.
Нұр бейнеңді сағындық-ау, сағындық
Ол дүниеде иман болсын қадамың.

Кеше барсам қар астында жатырсың,
Тіл қата алмай жастай кеткен арысым.
Сағынышпен өрнектедім ойымды
Есімізде ұлағатты әр ісің.

Өлді деуге қия алмаймын әлі де,
Ісің тірі, білген жанның бәріне.
Ортаймайтын орның бар елінде,
Қуат берген тірілердің сәніне.

Сылаңдаған, сайраңдаған елігім,
Өзің еді қызығындай елімнің.
Ақ ботам-ай, сағындық-ау, сағындық
Көркі едің ғой келген мынау жеріңнің.

ИНДИРАҒА

Келмейді күйім,
Толқиды жаным.
Еске алсам дүйім,
Тасиды қаным.

Жыл өтті міне,
Жүрегім жарым.
Ортайды қызық,
Бәріңе мәлім.

Сағынған кезде,
Құриды әлім.
Шаттанбақ болсам,
Келмейді сәнім.

Есіме түссен,
Ұмытам бәрін.
Іздеген кезде,
Атпайды таңым.

Тал шашың артық,
Дүние, малдан.
Өттің-ау кетіп,
Дүние-жалған.

Қаншама кетті,
Өзіңде арман?
Құдайға шүкір,
Диярың балаң.

Жападан-жалғыз,
Жарыңмен бірге
Сағына, сағына
Артыңда қалған.

Жабырқап жаным,
Күйзелген кезде.
Шипа іздеп сенің,
Басыңа барғам.

Ауысып кетті,
Күнім мен түнім.
Естілмей қалды-ау,
Сағынған үнің.

Өмірден өткен,
Гүл менен бағым.
Іздеймін әр күн,
Қайдасың, жаным?...

СЕРІК АМАНГЕЛДІҰЛЫНЫҢ ҚАЗАСЫНА

ҒАЖА АСАТОВ

Өмір деген кемеңің,
Капитаны сен едің.
Анасыз қалған Диярды,
Жеткізіп тастар деп едім,
Болмай да қалды-ау дегенім...

Ерекше туған Серігім,
Өз балама тең едің.
Сенделіп қалдық әп-сәтте,
Түсінбей қалдық себебін.

Қарапайым жандарға,
Тиіп жүр еді көмегің.
Парасатың жоғары,
Биігі едің төбенің.
Жақсы көрген жаным-ай,
Қалай қиып көзіммен,
Жер астына көсемін?

Қара тұтқан құдалар,
Берік болшы жамиғат.
Ағайын, туған перизат,
Қатар өскен құрбылар.
Аға-іні, достары,
Апа- қарындастары
Көтеріп ауыр қазаны
Жүрейікші мәңгілік,
Серігімді еске алып!

Тағдырдың көрдім мазағын,
Өмірдің көрдім азабын.
О, тағдыр, мені сынға алдың,
Қазамен қатты шыңдадың!

Артында қалған Дияры,
Тұлпардың ізі, тұяғы.
Диярым менің, берік бол,
Шаршаған анау Атаңа,
Әжелер мен апана,
Өмірлік тіреу, Серік бол!!!

Бауыржаным егілме,
Інісіз қалдың, қайтейін.
Орнында бар оңалар,
Жеткізіп таста Диярды,
Іні боп саған сол қалар!

Сарыауыз балапаным-ай,
Қыспағы құрсау тағдыр-ай.
Қанатың қатпай қалғанмен,
Серіктей болшы тілеймін
Қиындыққа жасымай!

Ер азамат, жігіт бол,
Тағдырдың кетсін салмағы.
Жақсылық берсін еліңе,
Алдағы өмір қалғаны.

Бақытсызбын демеші,
Алдыңда үлкен Атаң бар,
Бауыржандай ағаң бар.
Ибалы жандар, апан бар,
Нағашы жұртың бір төбе.
Достары әке-шешенің –
Қамқоршы саған адамдар!

Жас қыраным, шарықта,
Көк аспанда қалықта!
Аруғы қолдап Сәдірдің,
Ұраны болшы Шағырдың!

Қиналған осы шақтарда,
Ел-жұртыма сенемін!
Көмектескен жандарға,
Бас иіп бата беремін.
Бақұл бол, балам, осымен,
Қош болсын фәни дүние...

ҒИЯ АСАТОВ

КЕТПЕЙСІҢ ӘСТЕ КӨҢІЛДЕН

*Жүрегімді мың батпан мұң басқандай,
Тұнжыраймын мен неге түнгі аспандай?
Жазған ба, маңдайыма өмір мұңын,
Ұғады жетім ұлдың көңілін кім?
Дауренбек Бұланбаев*

Қырық күн болды Серіксіз,
Көз жасым ақты еріксіз.
Қиналып жүрген құдалар,
Жиналып бүгін келіпсіз.

Қиналып жүрміз, балам-ау,
Қыршындай кеткен өмірден.
Қимастықпен күн кештік,
Кетпейсің әр кез көңілден.

Құдыреті күшті тағала,
Жанды бір жерден ұстадың.
Тап осындай қайғыны,
Көрмесін менің дұшпаным.

Сарыарқаның төріне,
Сыймай да кеткен Серігім.
Жақсы да жайсаң жандарды,
Қимай да кеткен Серігім.

Қош болшы деймін тағы да,
Текті бір жердің ұланы.
Қабыл болсын құдайы,
Оқылған дұға, Құраны!

СЕРІК АМАНКЕЛДІҰЛЫНА

(Еске алу)

*Ақылды едің дарынды,
Көре алмай кеттің бағыңды.
Өлшеулі өмір тоқтады,
Ел-жұртың сені сағынды.
Автордан*

Тұла бойымды бес батпан басып қайғы,
Жүрегімде Жанартау атқылайды.
Есеңгіреп кетсем де атып тұрам,
Түсінерсіз жарандар осы жайды.

Бұл өмірді қаншама сүйгенменен,
Шашырайды от-жалын, күймей келем,
Шыдап бірақ келемін, жыл өтсе де,
Қызған жалын басыма тигенменен.

Ескерткішің алдымда жарқырайды,
Толқын болған армандар сан құрайды.
Мөлдіреген Диярдың жанарынан,
Қаным тасып, басыма шапқылайды.

Алып кеттің мезгілсіз О, Жаратқан,
Адам еді жаралған адалдықтан.
Достарың мен еліңе керек едің,
Келіп қалдың, сұм ажал, қандай жақтан?

Сабыр деймін өзіме, жеріме де,
Ел есінде мәңгілік Серігім де.
Бақыт берсін, бақ берсін баршаңызға,
Амандықтың жүріндер ілегінде!

ҚАПИЗА АЙТМАҒАНБЕТҚЫЗЫНА

Жарты ғасыр отасып,
Өмірдің көрдік өткелін.
Гүл-бәйшешек бүр жарып,
Көгілдір тартты көктемім.

Елу жыл бірге тұрғанда,
Жартысынан көбін ауырдың.
Келіні болдың ардақты,
Арқаның Кішітауының.

Бір тұрып, кейде бір жаттың,
Азабын тартып сырқаттың.
Күткеніммен күні-түн,
Орындалмай бос қалды-ау
Жазылар деген үмітім.

Қаншама қиын болса да,
Сабырлықты сақтадым.
Күтуші топты жасақтап,
Бақ құсындай баптадым.

Көз қиығын бір тастап,
Қимастықпенен жөнелдің.
Ісіне Алла не шара,
Тәңірден Иман тіледім!...

ШҮКІР АҒАМЫЗДЫҢ РУХЫНА

ҒАМЫЗ АСАТОВ

Шүкір дейміз, көңілге шер толғанда,
Шүкір дейміз, өмірге мәз болғанда.
Шүкіршілік бар қазаққа ортақ қой,
Шүкіршілік ету керек тап осындай заманда!

Шүкіршілік, тәубе етсең бойыңа,
Құрықтайды қомағайды соңында.
Шүкіршілік етпегендер түбінде,
Кездеседі тар зынданның бойында.

Шүкір десем еске түсер ағамыз,
Сол ағайды бүгін қайдан табамыз?
Қандай еді? – деп сұрасаң білгеннен,
Бар жақсылық тал бойынан аламыз!

Нақыл айтар шалдар бүгін қалмапты,
Ағамыз ең кіп-кішкентай ардақты.
Ақынмын деп айта алмаймын өзімді,
Ақын жолы қиын, ұзақ, салмақты!

Өтеді ме ойға алған арманын,
Білдік жаңа бұл өмірдің жалғанын.
Жатқан жерің жарық болсын, жан аға,
Нұры түсіп, рахымы Алланың!

АСАТОВА БИКЕН ҚОЖАНҚЫЗЫНА

Сабырмен өмір кештің бір ғасырдай,
Әзілмен тіл қатушы ең сыр жасырмай.
Ақылмен демеуші едің, ұрпағыңды,
Киелі, қасиетті анашым-ай!

Ардақтап ұрпақтарың нұр бейнеңді,
Тік тұрып, қызмет етіп үміттенді...
Көп жылдар сырқаттанып жатсаңдағы,
Қара жер құшағына қимай келді.

Аллаға қарсы тұрар шара бар ма?
Жатушы ең бақыт тілеп балаларға.
Мәпелеп күткенменен өмір бойы,
Парызбыз өзіңіздей аналарға!

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
Яхия досым	7

бірінші бөлім ШУАҚТЫ ЖЫЛДАР

Атамекен	10
Тәуелсіздік толғауы.....	12
Қызғалдақтар	14
Кішітауға.....	15
Қарсақпай	17
Ұлытау.....	18
Ерден батыр	19
Батырлар әулеті	20
Шегір би ұрпақтары.....	22
Темірбек	23
Қаныш Имантайұлына.....	24
Мақтанышым, арысым	26
Соғыс алапаты	28
Хабарсыз өткен жандарға.....	29
Рәміздер.....	30
Қазақтың даңқын асырған.....	31
Ерлігі елдің есінде.....	34
Сағындырған сағым жылдар.....	36
Садық Қасымұлына	38
Шүкір аға, Жәлел Қалмағанбетов, Мұзараф Аханов ағаларға	39
Өмір кештік егіздің сыңарындай	40
Шындықты қалай жаздың, айтшы маған.....	41

Ұқастық.....	42
Тас жарған гүл.....	43
Кәкімбек аға.....	44
Ақынның қазасына	45
Сыр сандығы арқаның.....	46
Мұражайдың атасы.....	48
Жас келінге	49
Шаттанамын	50
Немерем бар – жалғасы өмірімнің	51
Немерем Садыққа	52
Көктеммен бірге келген киелі жан	53
Әбілмансұрға.....	54
Төлеген Бүкіровка.....	55
Достарыма	56
Мәңгілік тыныс таптың біздің елде	57
Ұстазым – қасиетті Асқар аға	58
Қиындықты жеңгенсіз	59
Қойшыбек ағамызды еске алу.....	60
Төреқасымға әзіл.....	61
Бір аруға	62
Неге жаным сезімінді жасырдың.....	63
Сүйіктіме.....	64
Сұлуды сүйіп көрдің бе	65
Сыр	66
Сүйген жанға	67
Балғын махаббатпен кездесу.....	68
Асқанда жарты ғасырдан.....	69
Біз неге бірге емеспіз?	70
Ойладым	71
Ойларым.....	72
Ғашығыма	73
Көктем.....	74
Кеңгір көліндегі жалғыз шағала.....	75
Құралайға.....	76

Немереміз Заринаға	77
Нұрай ханым.....	78
Жиеніміз Арсенге.....	79
Адамдар	80
Дүлдүл тұлпар тұяғы сен емес пе ең?	81
Бауырым Нұрланды еске алу	82
Зқрия Әбтайырулы Жанысбаева	84
Қоштасқым менің келмейді	86
Дос қайда сендей.....	88
Гүлшахрат (Елизавета)	89
Ғалия Жәркенқызы Баймұханова.....	91
Жас кеншілерге	92
Шахтермін ғой су жаңа.....	94
Бас редактор Майраға.....	95
Мырза жігітке.....	96
Жақан бауырыма	97
Мұқанбетжанға	98
Біреуге	99
Ғашық жүрек	100
Бір ару	101
Қамықпа, жаным!.....	102
Түсінбедім.....	103
Қызғаныш	104
Бүгін саған жаным-ау, бөтенмін мен.....	105
Мен сағындым.....	106
Шипагерге қызғану	107
Қол ұстасып бір жүрген күндерді ойлап.....	108
Шарипкүл құдағиға.....	109
Ақыл	110
Сағыныш.....	111
Өбенім менің	112
«Нұр Отан» аруларына!.....	113
Сезім.....	114
Көңіл.....	115

Сағынып мені жүрмісің?	116
Сағынғанда	117
Не дейсің?	118
Шынықұл Дәулетовке.....	119
Сөз қозғасам Жәйрем деген шаһардан.....	120
Жігітсің елім деген, жерім деген	121
Кішітау аясында	122
Қадірменді Әжібек құдаға құрмет.....	124
Көш басында келесің.....	125
Жаза бер, ақын інім, жырдан дастан	126
Ал Жарысым ақ алмастай жарқылда	128
Сыйласудың түрін-ай.....	129
Асылдың тойы.....	130
Арсыздарға!	132
«Дәу құдаға».....	133
Иттер	136
Біреуге	137
Тазға, ақылы азға.....	139
Бас диспетчерге.....	140
Жұмыстағы қарындасқа	141
Інілеріме.....	142
Су жетпегендегі ой.....	143
Бозтайға.....	145
Кейбір ағайларға	146
Қисықовқа.....	147
Көңіл тамшылары	148

екінші бөлім
СЫРЫМДЫ МЕНІҢ КІМ ҰҒАР?

Түнеріп төңкерілді нұрлы аспаным.....	154
Мақтанышы әкенің	157
Еске алу.....	159
Диярдың мұңы.....	162

Сен аман бол, Диярым.....	163
Дияр Серікұлына.....	165
Диярдың сағынышы	166
Диярға	167
Туған күн.....	168
Индираға	169
Серік Амангелдіұлының қазасына	171
Кетпейсің әсте көңілден	174
Серік Амангелдіұлына.....	175
Қапиза Айтмағанбетқызына.....	176
Шүкір ағамыздың рухына	177
Асатова Бикен Қожанқызына.....	178

Яхия АСАТОВ

ДАРИҒА-ДӘУРЕН

Редактор *Мұса Тілеуов*

Корректор *Айнұр Сембаева*

Дизайнер-беттеуші *Дәулет Қайратұлы*

Кітапты басылымға дайындаған

«Принт плюс» баспасы

Баспа директоры: Қайрат Жолдасұлы

+7 701 712 01 73

Басуға 21.08.2024 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}.

Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Times New Roman».

Шартты баспа табағы 11,5. Таралымы 1000 дана.

Кітап «Принт плюс» баспаханасында басылды,

Алматы облысы, Өтеген-батыр кенті, С.Сейфуллин көшесі, 2В.

Байланысу үшін WhatsApp: +7 700 980 41 66

kairatzan@mail.ru